


**Тунджер  
Джюдженоглу**



**Қар көшкіні  
(Ҷіғ)**

*(екі көріністі пьеса)*

Орысшадан аударған: Қайырбек Сәдуақасов, 2008 жыл

## **Қар көшкіні деген тек табиғи құбылыс па?**

Тунджер Джюдженоглу

1987 жыл. Мен бір кинокомпанияда жұмыс істеп жүрген болатынмын. Бір жолы менің досым, талантты режиссер Юсуф Курченлимен біраз әңгіме-дүкен құрдық. Сондағы оның маған айтқан таңқаларлық жағдайдың желісі мынадай:

**«Шығыс Анадолыда, жан-жағын тұтасқан тау қоршаған ауылда жергілікті тұрғындар дауыстап сөйлеспейді, қатты күлмейді, былайша айтқанда қандай да болмасын шу шығармауға тырысады, өйткені дыбыс толқындары қар көшкінін тудыруы мүмкін.**

Ең кереметі қар көшкінінің қаупі жылына тоғыз ай бойы сақталады... Содан ондағы адамдардың жылына үш ай бойы ғана айқайлауынаа, мылтық атуына, үйлену тойларын жасауына, бала тууына болады... Яғни, жыл бойында тек осы қауіпсіз үш айда ғана өз сезімдерін сыртқа шығара алады...

**Ал қалған тоғыз айда олар не істеуі керек? Ешқандай да дыбыс пен сыбдыр шығармай, алаң мен үрейге толы күн кешулеріне тура келеді...»**

Мені толқытқан осы жағдайды сахналандырудың қажеттігін сезіндім.

Ал бірақ осы бір әсерлі болмысты қалай баяндап, оның ғаламат драматизмін қандай көркемдік тәсілмен беру керек?

Осы хикаяттан көркем желінінің өрмегін қалай тоқып, ол шығарманың көрерменге қызықсыз болмайтындай ету үшін не істеу керек?

Осы жағдайды қандай сахналық құралдармен беру керек?

Егер мен тек табиғат құбылысын ғана баяндасам, менің жазған пьесамның көркемдік құндылығы қандай болмақ?

Осы табиғат құбылысына сүйеніп әлеми мәселелерді қамтитын пьесаны қалай тудыруға болады?

Міне осы сипаттағы сұрақтарды менің болашақ пьесамның парақтарына бойлай қыдыруға өзіммен бірге қоса алдым.

Содан мен өзім үшін мынадай ой түйіндедім:

**Қар көшкіні деген тек табиғат құбылысы емес...**

**Бәлкім, ол – біздің санамыздағы үрейдің перзенті болар...**

Жаратушы жар болғай!

*2002 жылғы 10 ақпен*

*Стамбұл қаласы*

**Оқиға орыны:**

*(Жан-жағынан тау қоршаған шағын ауыл, таудағы елді мекендерге тән бір қабатты үйдің ішкі жиһазы орнастырылған .*

*Терезе мен шатырдан салбырап тұрған мұз сүңгілер...*

*Қабырғада ұңғылары біріне-бірі қарап екі мылтық ілулі тұр, мылтықтардың дүмдері едәуір алишақ... Оларды қабырғаға әшейін сән үшін ілген болуға тиіс.*

*Сол жақта жатын бөлме... Ортада қонақ қабылдайтын үлкен бөлме... онымен қатар, оң жақта басқа бөлмеге апаратын есік... Қарсысында кіре беріс есік орналасқан...*

*Қонақ бөлмеде қарапайым камин... Жанында тап-тұйнақтай етіп жиыстырған отын... Еденде тоқылған төсеніш, қабырғаларда кілемшелер... Қонақ бөлмеде таяқшалары бар барабан... Барабан өзін дүңкілдетіп-дабылдатар күнді күткендей бұрышта тұр.*

*ЖАС КЕЛІНШЕК ПЕН ЖАС ЖІГІТ өздеріне бөлінген сол жақтағы бөлмеде ұйықтап жатыр.*

*Қонақ қабылдайтын бөлмедегі БӘЙБІШЕ каминге таяу жайғасып, жанарын төбеге қадап жатыр... Ол әлденені күткендей бейжай күйде, құс-ұйқыдағыдай біресе көзі ілініп, қалғып, біресе қайта оянып кетеді...*

*Жанында оның күйеуі АҚСАҚАЛ тұяқ серппей ұйықтап жатыр... Оның бар-жоғы мүлде білінбейтіндей әсер қалады...*

*Оң жақ бөлмеде ОТАҒАСЫ мен ӘЙЕЛ ұйқы құшағында жатыр...*

*Төсек-орындардың барлығы жерге төселген...*

*Үйдің ішінде қабырғалар жоқ...*

*Бұл көрініс нақты емес әлемнен алынған, бейнебір сипаттаушы символ сияқты...*

*Құлақ тұндырар тыныштық...*

*Пьесаның өн бойы, ол аяқталғанға дейін осы тыныштық сақталады... Пьеса кейіпкерлері әрбір қадамын, әр қимылын зәредей де шу шығармауға тырысып жасайды. Баяулатып түсірілген кадрларды көрсетіп жатқандай сезінесің.*

**Финалға дейінгі барлық әңгіме-дүкен сыбырласып сөйлесумен өтеді.**

**Кейіпкелер дауыстап сөйлемеуге, ешқандай сыбдыр шығармауға тырысады, олардың шудан үрейленетіндігі бүкіл пьеса бойы көрерменге де әсер етіп, жайылып, тарауға тиіс).**

## **КЕЙШКЕРЛЕР:**

**БӘЙБІШЕ**

– 70 жастың маңайында. Едәуір ширақ...  
Өзіне аянышпен қарату үшін өз бетімен  
қозғала алмайтын сияқты көрінеді.

**АҚСАҚАЛ**

– 80 жастың маңайында. Таяққа сүйеніп  
қана қимылдай алады.

**ЖАС КЕЛІНШЕК**

– 18-дің маңайында. Аяғы ауыр.

**ЖАС ЖІГІТ**

– 20-ның маңайында.

**ОТАҒАСЫ**

– 50-дің маңайында.

**ӘЙЕЛ**

– 45-тің маңайында.

**КІНДІК ШЕШЕ**

**(БОСАНДЫРАТЫН ӘЙЕЛ)** – 40-тың маңайында.

**ҚАУЫМ БАСШЫСЫ**

**(ЕР АДАМ)**

– 75-тің маңайында.

**ҚАУЫМ МҮШЕСІ ӘЙЕЛ**

– 70-тің маңайында.

**ҚАУЫМ МҮШЕСІ ЕРКЕК**

– 60-тың маңайында.

**1-ШІ САҚШЫ**

– 35-тің маңайында.

**2-ШІ САҚШЫ**

– 35-тің маңайында.

**Мезгілі:** Осы заман.

**Орыны:** Кез келген ел.

## 1 ПЕРДЕ

*(Сібіргілеп таң атып келеді...)*

*Не үрген иттің, не шақырған әтештің дауысы естілмейді... Құлаққа ұрған танадай меңіреу тыныштық жайлаған...*

*Күн көтерілген сайын үйге ғажайып аппақ сәуле құйылады...*

*Онымен қатар үнсіздік құлақ тұндыралықтай зорая түскендей болады...*

*БӘЙБІШЕ бәрі ұйықтап жатқанына көз жеткізіп алып, бірінші болып тұрады... Ешбір дыбыссыз түзге шығады... Шамалыдан соң қайтып келеді де асүйден бірдеңені алып, апыл-ғұпыл жсей бастайды... Біреу-міреу байқап қалмасын деп жан-жағына алаңдап қарап қояды...*

*ЖАС КЕЛІНШЕК төсегінен жайлап көтеріліп, тыжырынады... Ауырсынып отырғаны бірден байқалады... Ол күйеуін оятсам ба, оятпасам ба екен деген екіұдай халде... Содан соң оятпауға бел буып, төсегінен дыбыссыз көтеріледі. Оның аяғы ауыр екендігі көрінеді.*

*БӘЙБІШЕ ЖАС КЕЛІНШЕКТИҢ келе жатқанын сезіп ауызы толы беті төсегіне жата қалады... Ұйықтап жатқан кейіпте бола қалады... ЖАС КЕЛІНШЕК өзіне қамқор болсын дегендей көрпесін сырып қояды.*

*ЖАС КЕЛІНШЕК дыбыс шығармай алдымен қонақ бөлмеге өтіп, одан түзге шығады...*

*БӘЙБІШЕ ЖАС КЕЛІНШЕКТИ көзімен шолып жатады...*

*Біраздан соң ЖАС КЕЛІНШЕК қонақ бөлмеге оралады... Тынышталған сияқты... Қайтадан дыбыс шығармай, аяғының ұшымен басып келеді... БӘЙБІШЕ ұйықтап жатыр екен деп оның көрпесін жабады. ЖАС КЕЛІНШЕК өз бөлмесіне өтеді, БӘЙБІШЕНІҢ жүзінде өзіне қамқорлық көрсеткенге ризалық сезімі аңғарылады, сөйте тұра үнсіз шайнаңдап жатады.*

*ЖАС КЕЛІНШЕК орнына келіп жатады...*

*Енді ОТАҒАСЫ тұрып, бөлмеден шығады... Қонақ бөлмесі арқылы өтіп, үн-түнсіз сыртқа шығады...*

*БӘЙБІШЕ тағы да ұйықтағансы қалады... ОТАҒАСЫНЫҢ көп кешікпей оралатынын біліп, көрпесін тағы да сырып тастайды...*

*Шамалыдан соң ОТАҒАСЫ оралады...*

*ОТАҒАСЫ БӘЙБІШЕНІҢ көрпесін жауып өтеді... Өз бөлмесіне аяңдайды... Жайғасады...*

*БӘЙБІШЕ көздерін қайта ашады, көзін сығырайтады, оң жағына бір, сол жағына бір қарап алып, ойға шомады...*

*ЖАС КЕЛІНШЕК кенет қатты ауырсынып төсегінен көтерілкірейді... Оның толғағы басталғаны сезіліп тұр...)*

*ЖАС КЕЛІНШЕК – (Қолымен күйеуін түртіп) Тұршы...*

*ЖАС ЖІГІТ – (Ұйқылы-ояу) Не боп қалды?*

*ЖАС КЕЛІНШЕК – Ішім...*

ЖАС ЖІГІТ – Не болды?  
ЖАС КЕЛІНШЕК – Ауырып тұр...  
ЖАС ЖІГІТ – Әжетханаға барсайшы...  
ЖАС КЕЛІНШЕК – Барып келдім...  
ЖАС ЖІГІТ – Сосын?  
ЖАС КЕЛІНШЕК – Қайтадан ауыра бастады... Мен қорқамын...  
ЖАС ЖІГІТ – *(Өзіне өзі сенімсіз үнмен)* Қорқатын несі бар?  
ЖАС КЕЛІНШЕК – Қорқатын несі барың не айтып тұрған?  
ЖАС ЖІГІТ – Суық тигізіп алғансың ғой... *(Бұрынғысынша алаңдап)* –  
Басқа не болушы еді?

*(Үнсіздік)*

ЖАС ЖІГІТ – Қалайсың өзі?  
ЖАС КЕЛІНШЕК – Басылған сияқты...  
ЖАС ЖІГІТ – Көрдің ғой, қорқатын түгі де жоқ...  
ЖАС КЕЛІНШЕК – Мен байғұс... ойлап қалып едім...  
ЖАС ЖІГІТ – Не жайында?  
ЖАС КЕЛІНШЕК – Толғақ келіп қалды ма деп ойлап қалып едім...  
ЖАС ЖІГІТ – Толғақ қайдан келе қалады?  
ЖАС КЕЛІНШЕК – Онда неге ішім бүріп кетті?  
ЖАС ЖІГІТ – Ой, сенің жай ішің кеуіп тұрған шығар, оны сен толғақ деп ойлағансың ғой.  
ЖАС КЕЛІНШЕК – Қозғалып кетті... Қозғалып тұр...  
ЖАС ЖІГІТ – *(Қолымен әйелінің ішін сипайды... Бақыттан масайрап күлімсірейді)* Не деген тамаша. Жарық дүниені көргенше асығып тұр ғой...  
ЖАС КЕЛІНШЕК – Ол енді бірер күн шыдай тұрса ғой...  
ЖАС ЖІГІТ – *(Әйелінің қолын алады)* Тыңдашы, құр босқа үрейленуді шығар басыңнан... Ең кемі әлі бір ай бар ғой... Қорқатын түк те жоқ... Бұл өңірде тиісті мерзімінен бұрын бала туып көрген жоқ... Менің әжем саған оны айтпап па еді?  
ЖАС КЕЛІНШЕК – Бірақ ондай оқиғалар болған дейді ғой...  
ЖАС ЖІГІТ – Сен ондайды кімнен естіп жүрсің?  
ЖАС КЕЛІНШЕК – Сенің әжеңнен...  
ЖАС ЖІГІТ – Ой, ол деген баяғыда болған оқиға ғой...  
ЖАС КЕЛІНШЕК – Бәрібір емес пе, қашан болса да?  
ЖАС ЖІГІТ – *(Бұған ол өзінше мән бермегенсуге тырысады)* Ол уақытта біз туғамыз да жоқпыз ғой...  
ЖАС КЕЛІНШЕК – Жүкті әйелді тірідей табытқа салыпты...  
ЖАС ЖІГІТ – Ол сонда осыны саған айтты ма?  
ЖАС КЕЛІНШЕК – Ол кісі сенің шешене айтқан, ал мен естіп қалдым...  
Бұл оқиғаны мұндағы барлық қыздар біледі... Бұл табыт біздің түсімізге шошып оятатындай зәремізді алып кіреді... Мен құрсағыма перзент біткелі ұйықтаудан қорқам... Осы үрей мені үйіріп, бауырына тартып, баурап алды... Жалғыз мені ғана емес, барлық жас қыздарды баурап алды.  
ЖАС ЖІГІТ – Уей, ол баяғыда болған дүние емес пе... Одан бері ол жағдай қайталанған емес... Сен тағы да шамалап ұйықтап алуың керек!

*(ЖАС КЕЛІНШЕК көздерін жұмып, ұйықтауға тырыады... Енді алаң ЖАС ЖІГІТКЕ ауысады... Ол ойға шомып әйелінің шашын сипай бастайды...)*

*Сырттан құйылған жарық көз қарықтырардай аппақ болады... Жарық күшейген сайын мысыңды басатын тыныштық ұлғая түседі...)*

ЖАС КЕЛІНШЕК – Ал енді шынымен-ақ толғақ басталып кетсе ше?

ЖАС ЖІГІТ – Өйтуге тиіс емес...

ЖАС КЕЛІНШЕК – Неге?

ЖАС ЖІГІТ – Өйткені үлкендер бәрін есептеп қойған...

ЖАС КЕЛІНШЕК – Сонда не, олар ешқашан қателеспей ме?

ЖАС ЖІГІТ – Жоқ!..

ЖАС КЕЛІНШЕК – Неге қателеспейді сонда?

ЖАС ЖІГІТ – Өйткені олардың қатесі тым қымбатқа түсер еді...

*(Үнсіздік)*

ЖАС КЕЛІНШЕК – Бірақ та... Сен өзін де қорқып қалдың ғой...

ЖАС ЖІГІТ – Е, ол табиғи нәрсе емес пе?

ЖАС КЕЛІНШЕК – Онда менің үрейімді де түсінуге болады ғой...

ЖАС ЖІГІТ – Саған қорқуға болмайды деп айтқан жоқпын ғой... Бірақ қазіргі жағдай басқаша... Екі күннен кейін біз үрей дегенді тіптен ойымыздан шығаратын боламыз... Біздің жылқыларды, есектерді, сиырларды, қойларды, біздің тауықтарды әтештерімен қоса, барлығын қайта әкелетін болады... Үш ай... Сенің нәрестең шаттыққа арнап қару-жарақ гүрсілдетіп жатқанда дүниеге келеді... Ол тұңғыш рет шырқырайды... Ол қаймықпай айқайға басатын болады! Жалпы ешкім де қорықпайтын болады... Өйткені үрейленетін ештеңе болмайды... *(ЖАС КЕЛІНШЕКТІҢ шапталарын сипалай бастайды)* Бәрі ән шырқай бастайды... Қалтаңдаған қарттарға дейін естерін танғанша сіміріп алып, алаңда биге басатын болады... Тұп-тура үш ай! Бұл шаттық үш ай бойы жалғасады... Ал алғашқы қар түсе салысымен сені мен нәрестені таудан әрі асырамыз, кетеміз бұл жақтан. Біздің тұңғышымызды үрейсіз өсіру үшін сөйтеміз... Мұнда малымен келгендер де қайтадан қайтады... Өйтпегенде қайтсін, себебі жылқылары кісінейді, есектері ақырады, иттері үреді, сиырлары мөңірейді, әтештері шақырып, тауықтары қыт-қыттайды... Мен саған құпия бір нәрселер айтсам қайтеді?

ЖАС КЕЛІНШЕК – Айта бер.

ЖАС ЖІГІТ – Біз мұнда мүлде қайтып келмейтін боламыз. Бізден бұрын да кеткен жас жұбайлар сияқты... Кетеміз де таудың етегіне қоныс тебеміз... Үрейленбей өмір сүретін боламыз... Ажал тақағанын сезгенше сонда болып, мұнда қайтып келеміз... Біздің бабаларымыз сияқты...

ЖАС КЕЛІНШЕК – Сонда жаздыкүні де келмейміз бе мұнда?

ЕР ЖІГІТ – Сен ұлымызбен қаласың, ал мен келемін. Басқаларына қысқы азық-түлік жеткізу керек қой. Ұнсыз, қантсыз, тұзсыз бәрі құриды ғой.

ЖАС КЕЛІНШЕК – Сен «ұлымызбен» дедің ғой... Біз ұлды болатынымызды қайдан білесің? Мүмкін, қыз бала болатын шығар...

ЖАС ЖІГІТ – Мүмкін, қыз болуы да кәміл... Мен құр әйтеуір, аузыма түскенін айта салғаным ғой...

ЖАС КЕЛІНШЕК – Ал мен әке-шешемді көзден таса қыла алмаймын... Мен оларсыз шыдай алатын түрім жоқ...

ЖАС ЖІГІТ – Оларды да мұнда ұстап тұрған ештеңе де жоқ қой. Олар да бізбен бірге кетуіне болады.

ЖАС КЕЛІНШЕК – Онда сенің жақындарың да бізбен бірге жүрсін! Егер біз бәріміз бірге кететін болсақ, сенің мұнда қайта оралып келуің керек болмайды...

ЖАС ЖІГІТ – Олар бұл жерден кетпейді... Атам мен әжем мұнда осы жерде о дүниеге аттану үшін келген... Жаратушы жар болсын, өздері білсін... Біз өз баламызды ойлауымыз керек... Ол үрейсіз ержетсін... *(Әйелі ұйықтап қалғанын сезбей)* Баяғыда бір дана кісі: «Үрей адамның ойлау қабілетінен айырады... Үрей адамның ойларын бұрмалайды, бұл дегенің басқа түскен ауыртпашылықтың ең қорқыныштысы. Бәрімізді баурап алған үрейді біздің балаларымыздың басына бермесін!», – деген екен. Жо-жоқ, мен ондайды болғызбаймын...

*(ЖАС ЖІГІТ әйелінің ұйықтап жатқанын түсінеді. Ол дыбыссыз көтеріледі де қонақ бөлмеге беттейді. БӘЙБІШЕ тағы да ұйықтап жатқанси қалады.)*

ЖАС ЖІГІТ – Байқаймын, әже, ұйықтамай жатырсың ғой...

БӘЙБІШЕ – Не болды, балам?

ЖАС ЖІГІТ – Мен өзіңнен бір нәрселерді сұрайын деп едім...

БӘЙБІШЕ – Сұрай ғой...

ЖАС ЖІГІТ – Өзің таяуда шешеме айтып едің ғой... Баяғыда бір әйел босанған еді деп.. Тіптен ертеде...

БӘЙБІШЕ – *(Күдіктене)* Ол саған не үшін керек болып қалды?

ЖАС ЖІГІТ – Менің әйелімнің зәре-құты қалмай жүр...

БӘЙБІШЕ – Оның қорқатын несі бар? Оған оның қатысы жоқ қой!

ЖАС ЖІГІТ – Әйткенмен, ол қатты қорқып жүр... Жас қой, оған қоса өмірді көре қоймаған... Оның үстіне әсершіл... Шынымды айтсам, болған оқиғаға өзім де қызығып кеттім...

БӘЙБІШЕ – *(Шын масаттана)* Ол кезде мен де сенің әйелің сияқты уыздай жас едім. Біз төрт келін абысын болдық. Бәрімізге тойды шалқытып тұрып бірге жасады... Бірінші неке түніне дейін бізге ең кемі төрт ай шыдау керек болатын... Үлкендер бізге мұның бәрін тәптіштеп түсіндірген еді... Біздің үшеуіміздің осы уақыт бойы күйеулерімізден аулақ болуға шамамыз келді... Ал бір жас жұбайлар айтқанды құлағына ілмеді... Күн құрғатпай кездесе бастады... Сосын не болушы еді? Қатерлі кезеңнен үш ай бұрын келіншектің толғағы басталды... Сосын амалсыздан болары болды...

ЖАС ЖІГІТ – Не болды?

БӘЙБІШЕ – Қатал заң жұрттың бәріне белгілі... Бірден кіндік шеше болатын әйел босандырып жүрген әйел шақырылды... Бәрі рет-ретімен жасалды... Ақсақалдар алқасы жиналды да шешім шығарды... Сөйтіп біздің құрбымызды табытқа салды да жаңадан қазылған көрге көмді...



ЖАС ЖІГІТ – Ал күйеуі не болды?

БӘЙБІШЕ – Көз жасы көл болды... Жалынып-жалбарынып-ақ бақты байғұс... Тіптен Ақсақалдар алқасынан өзін келіншегімен бірге көмуін өтінді. «Бұндай істе шарасызбыз», – деп тіке бетіне айтты... Келіншегімен бірге көмілуге де рұқсат етпеді...

ЖАС ЖІГІТ – Сосын не болды?

БӘЙБІШЕ – Қатер өткен соң қабірді ашты, бірақ одан бері бақандай үш ай өтіп кеткен болатын... Біздің құрбымызға енді ешқандай көмек жасау мүмкін емес еді...

ЖАС ЖІГІТ – Бұл деген адамшылыққа жатпайтын нағыз тағылық қой...

БӘЙБІШЕ – Басқалар аман қалу үшін сөйтуге тура келді... Төбемізде тау тұрғанда тәуекелге баруға болмайды ғой! Не істейсің енді?

ЖАС ЖІГІТ – Мен қайдан білейін? Мүмкін туайын деп жатқан әйелдің аузын матап қою керек пе еді... Айқайламас үшін...

БӘЙБІШЕ – Өзіңе белгілі емес пе, бізге ойлануға тиым салынған... Солай болған, солай болады да... Біздер, қатындар, ешкімге сырымызды білдірмей, жай босна салатынбыз... Қашан дейсің ғой? Қауіп-қатер өткен соң, бірімізден соң біріміз іле-шала, тістеніп, демімізді ішімізге тартып, қар көшкіні әлі де болатындай үрейленіп босанатынбыз... Бәріміз де... Сондағы шырылдаған дауыс керемет болатын... Таудан тауға жаңғырығатын... Ал бізге нәрестенің шырылдағаны бәріміздің түбімізге жететіндей болатын... Есіңде болсын, ең қатал деген заңның өзі – бәрібір адамдардың бақыты үшін болады...

ЖАС ЖІГІТ – Сондай да бола ма екен?.. Өзгенің қабірінің үстінде бақыт орнатуға бола ма, сонда ар-ұят деген қалай жай табады?

БӘЙБІШЕ – Мұны сенің миыңа кім құйып қойған? Бұл сенің ойыңа да кіріп-шығушы болмасын ... Өтті-кетті... Бір опат мың кеңестен тәуір демей ме... Сол жолғы ажал міне елу жылдан бері өзгені өз соңынан ертпей келеді...

*(ЖАС ЖІГІТ біраз уақыт үнсіз отырып қалады да түзге шығады. Көрші бөлмедегі ӘЙЕЛ оянады... Төсектен дыбыссыз көтеріледі... Күйеуін оятып алмайын деп тырысып бөлмеден сусып шығады. БӘЙБІШЕМЕН көздері түйісіп қалады...)*

БӘЙБІШЕ – *(Әжетхана жақты сілтейді)* Ол жақта ұлың бар...

ӘЙЕЛ – Өзің неғып ұйықтамай жатырсың?

БӘЙБІШЕ – Қарным ашып жатқаны...

ӘЙЕЛ – *(Естімегенсиді)* Ұйықтай тұрсайшы оданда біраз!

*(ОТАҒАСЫ да тұрады, дыбыссыз солардың қасына келеді).*

БӘЙБІШЕ – *(ұлының жанына келгенін көріп жатыр, бірақ оны байқамағансиды)* Тамақ ішкім келіп жатқаны... Қарным әбден ашты!

ӘЙЕЛ – Мен бәрін әзірлеп бергенше күтіп жатырсың ғой...

БӘЙБІШЕ – Е-е-е, менің аяғым жүріп тұрса сенен сұрар ма едім?

ӘЙЕЛ – *(Бірдеңені апыл-ғұпыл әзірлеп, тамақ салған аяқты БӘЙБІШЕГЕ ұсынады)* Байқа, төсекке қиқым түсіріп алма...

БӘЙБІШЕ – Мен бұған дейін қиқым түсіріп көріп пе едім сонша?

ӘЙЕЛ – Мен түсiрдiң деп айттым ба, мен «түсіріп алма» деп тұрмын!

БӘЙБІШЕ – Ал енді мен бұған дейін түсіріп көрмесем, маған несiне «түсірме» деп бұйырып тұрсың. Бұған дейін тамақты ешқашан түсірмесем, тамақты төкпей-шашпай ішемін емес пе...

ӘЙЕЛ – Ой, осы бос сөзiңмен-ақ мезі қылып болдың мені!

БӘЙБІШЕ – Сен өзiң жармаспасаң, мен де үндемес едім.

ӘЙЕЛ – Жарайды, болды-болды, жетер енді!

БӘЙБІШЕ – Мына құрғақ тамағың менің өңешiмнен де өтпейдi!

ӘЙЕЛ – Енді шай сұрауың ғана қалып еді!

БӘЙБІШЕ – Шамалап су әкеп бере қойшы!

*(ОТАҒАСЫ олардың сөз шарпысуын шыдамдылықпен тыңдап тұрады. Жақтырмай әйелiне қарайды).*

ОТАҒАСЫ – *(әйелiне қарап)* Бүгiн шаруамыз шаш етектен... Дайындалу керек...

ӘЙЕЛ – Сен осында ма едiң?

ОТАҒАСЫ – Оят бәрiн...

ӘЙЕЛ – *(Мүлдем жай сөйлеп)* Ия, сенiң шешең елдi ояттыра қоюшы ма едi...

БӘЙБІШЕ – Су дедiм ғой!

*(ӘЙЕЛ, өз-өзiнен бiрдеңелердi мiңгiрлеп, су әкеледi, каминге жақындап, отты дыбыссыз қаузайды...)*

*От жана бастайды... ӘЙЕЛ отта тұрған үлкен шәйнекке қосымша су құяды...*

ОТАҒАСЫ БӘЙБІШЕГЕ таяп келiп, бетiнен сипайды...

БӘЙБІШЕ көзқарасымен ӘЙЕЛГЕ ашулы екендiгiн сездiредi...

ОТАҒАСЫ әдетке айналған ымменен оған «басқара бер...» деп ишара жасайды...

ЖАС ЖIГIТ iшке кiредi... ОТАҒАСЫ ұлына ымменен келiн оянаттын уақыт болды дегендей ишара жасайды...

ЖАС ЖIГIТ келiскендей бас изеп бөлмесiе барады да ЖАС КЕЛIНШЕККЕ еңкейiп, шаштарын салалайды...

ЖАС КЕЛIНШЕК оның қолын ұстайды... *Осылай бiрнеше сәт өтедi, екеуi бақыт құшағында...)*

ЖАС ЖIГIТ – Қазiр қалайсың?

ЖАС КЕЛIНШЕК – Бәрi орнына келдi...

ЖАС ЖIГIТ – Әне, айтып едiм ғой саған... *(Үнсiздiк)* Бүгiн бiраз шаруа бiтiру керек... Тұрсаң қайтедi, ә...

*(ЖАС КЕЛІНШЕК те тұрады... Төсекті дыбыс шығармай жинастырып жатыр... Күйеуі оны күтіп тұра тұрады да екеуі қонақ бөлмеге шығады...)*

*ӘЙЕЛ мен ЖАС КЕЛІНШЕК дастархан жайғастырады, ОТАҒАСЫ мен ЖАС ЖІГІТ қабырғадағы ілулі мылтықтарды алады...*

*ОТАҒАСЫ ұлы әкелген дорбадан мылтықты тазалайтын саймандарды алып ұлына мұқият көрсетіп отырып, асықпай мылтықтың біреуін тазалай бастайды...*

*ЖАС ЖІГІТ те әкесінің қимылдарын сол ретпен қайталап, екінші мылтықты тазалайды...*

*ӘЙЕЛ мен ЖАС КЕЛІНШЕК баяулатқан фильмдегідей қозғалып дастархан жасап, бір жағынан қонақ бөлмені жинастырып жүр...*

*Шамалы уақыттан кейін екі мылтық та тазаланып бітеді...*

*Ыдыстарға шай құйылады...*

*ЖАС ЖІГІТ мылтығын тазалап болып, оны оқтауға ыңғайланады, бірақ ОТАҒАСЫ жақтырмаған сыңай танытып, олай етуге рұқсат етпейді...)*

*ОТАҒАСЫ – Әзір емес... Әлі уақыты келген жоқ...*

*ЖАС ЖІГІТ – Күбідегі су қалай?*

*ОТАҒАСЫ – Үш елі төмендепті... Кеше...*

*(Мылтықтар сол бұрынғы қалпыша ілулі тұр..)*

*ЖАС ЖІГІТ оқ-дәрі салынған қоралты мылтықтар тұрған тұсқа ұзатпай орналастырады, ол уақытта әйелдер таңғы астың дастарханын жайып болып қалады. ЖАС ЖІГІТ әкесінің қолына су құяды, әкесі жуынады...*

*Отағасы орамалмен сүртінеді...*

*ЖАС ЖІГІТ – Күбіні көріп келсем қайтеді?*

*ОТАҒАСЫ – Барсаң бар...*

*( ЖАС ЖІГІТ дыбыссыз аулаға шығады. Көзден таса болады. Әйелдер таңғы асты даярлап бітіп қалады...)*

*ЖАС ЖІГІТ – (қайтып оралып, қолымен көрсетеді) Екі жарым елі...*

*ОТАҒАСЫ – Жақсы болды ғой... Мүмкін бүгін-ақ бәрі еріп кететін шығар, мылтықты сонда қолға аламыз... Бір тәубасы ішінде, ертең кешке біржола еріп бітуге тиіс...*

*ЖАС ЖІГІТ – Тезірек болса екен! Мен күте-күте жалығып біттім!*

*ОТАҒАСЫ – Сонша неге алаңдайсың? Өз бетімен еріп бітсін, бір күн әрі, бір күн бері, не айырмасы бар! Жау қуып келе жатқан жоқ қой!*

*( Үстел басын алдымен ОТАҒАСЫ жайғасады... Одан кейін қалғаны орналасады...)*

ОТАҒАСЫ – Әкемді неге оятпағансың?

БӘЙБІШЕ – Өзіміз алаңдамай тамақтанып алайық та... Сосын өзім тамақтандырамын ғой... Әйтпесе қазір әрнәрсеге араласа бастайды... Шіркін, баяғыда қандай адам болып еді! Жалындаған от еді-ау шіркін... Баяғыдағылар айтушы еді: «Көрерміз көкжалдың қартайғанда қандай болғанын... деп» Көріңдер енді... Көріңдер қартайған көкжалдың қандай болатынын...

ӘЙЕЛ – жұрттың бәрінің күйеуі сол кісідей-ақ болсын... Міндетін кісіге артпай, өз-өзін күте алады.

БӘЙБІШЕ – *(Мұңая жымып)* Саған солай көрінеді-ау!

*(Барлығы шама келгенше шу шығармай тамақ алып, шай ішеді...)*

ЖАС КЕЛІНШЕК бәріне жаңалап шай құйып отыр... БӘЙБІШЕ өз табағындағы тамақты тауысып болып, ұлын шынтағымен түртіп, біресе ұлына, біресе немересіне бірдеңені алдыртады... Тек әйелді айналып өтіп отыр...

Кенет АҚСАҚАЛ төсегінен басын көтереді... Үстел басында тамақтанып отырғандарға түк түсінбей, одырая қарайды...)

БӘЙБІШЕ – Ортаға кел *(Басқаларға қарап)* Орын берсеңдерші, бізге қарай жылжысын... Бол, өтсеңші бері... *(АҚСАҚАЛДЫ үстел басына орналастырмақ ниетпен қолын созады)*... Келе қал...

*(Оған ОТАҒАСЫ қосылып көмектеседі... БӘЙБІШЕ аузына бірдеңе салуға әрекеттенеді...)*

*АҚСАҚАЛ аузына бір ащы дәрі түсіп кеткендей зорға жұтынады).*

БӘЙБІШЕ – *(Екі қолын жалбарынғандай көкке көтеріп)* О, құдайым-ай! Мұндайды басыма бере көрме менің! Мені дәм-тұзым таусылған күні тып-тыныш өзіңе әкетсең болар еді...

АҚСАҚАЛ – *(Сөздерін басқалардан гөрі әлдеқайда бәсең, естілер-естілмес етіп)* Бәрі кетті... Мен де кеттім...

ОТАҒАСЫ – Жастардың бәрі кетті... Сол кеткеннен қайтып оралған жоқ... Ал біз ше? Біз қайтып оралдық... Қыс бітісімен-ақ оралатынбыз. Өзімізбен бірге ұн, қант, тұз, арпа мен бидай ала келетінбіз... Қыстай тапқан-таянғанымызды ала келетінбіз... Соншама адамды қыстай асырап шығу үшін... Жыл сайын сендерді бұрынғыдан да үнсіз болуға үйретіп, кері қайтатынбыз. Ал қазір үнемі осындамыз. Сондықтан бірінші болып мылтықты мен атсам деймін... Жылда сөйтуші едік қой... Қазір де солай болады... Өмір бойы солай болады...

ОТАҒАСЫ – Тамақтан бірдеңе алсаңшы, әке...

АҚСАҚАЛ – Өз баласын өсіріп, қайтадан қайтып келген, нағыз ер сол... Енді өмір бойы бар дауысымен айқайлай алмайтынын біле тұрып қайтып келу деген... Немене, менің нағыз ер екендігіме күмән келтіріп отырсындар ма? *(Үнсіздік)* Мылтықты қашан атамыз?

ОТАҒАСЫ – Мүмкін, ертең ататын шығармыз, әке...

АҚСАҚАЛ – Мені кемсітулерін қарашы... Ажалын сезген пілге ұқсап туған жерде көз жұму үшін оралды дейтін көрінеді...

ОТАҒАСЫ – Қайтесің оларды, айта берсін ойларына келгендерін... Білетін адам біледі... Мұнда сенің оралу себебің бұл жерді өзің жақсы көресің...

АҚСАҚАЛ – *(Жылайды)* Мұнда неге қайтып келгенімді менің өзім жөнді білмеймін... *(Дауысы құмығып, еңкілдеп отырып, жалғастырады)* Түк ұнамайды маған, ішкен-жегенімде түк дәм жоқ... Тіптен мылтықты дүңкілдеткеннің де түк қызығы қалмады... Оқшантайда оқ таусылды! Осы да өмір болып па?!

БӘЙБІШЕ – *(Өзінен өзі міңгірлеп)* Оқ-дәрі де болатын! Оқшантай да болатын! Ол оқ-дәрі талай жылға жетті ғой *(Күйеуіне қаран)* Қайтесің бос сөзді сөйлеп, тамағыңды іш оданда!

ӘЙЕЛ – *(Өте жай)* Мезі ғып бітті-ау осылар!

АҚСАҚАЛ – Құрбым-ау! Тір жүрген екенсің оқ-дәрің де, оқшантайың да болу керек! Сонда ғана сені өмір сүріп жүр дей алам...

БӘЙБІШЕ – Көрдік қой сенің оқ-дәріңді, көрдік... Неге екенін қайдам, басқалар өз рахаттары үшін өмір сүрді... Сенің оқ-дәріңнен не пайда?

АҚСАҚАЛ – Бағалай алмасаң, әрине, пайдасын да көрмейсің.

БӘЙБІШЕ – Мылтығыңды күніне үш рет атқанда не тұр, сол да қуаныш болып па! Балды күнде былапыттап соға берсең, балың да кермек татыр!

АҚСАҚАЛ – Сондықтан сен емес басқалар дүңкілдететін! Оған өзің де кінәлісің!

БӘЙБІШЕ – Қарай гөр, сөзді көбейтуін қарашы!.. Құдайға шүкір, оқ-дәріңді атқылап біттің, енді қиналмайтын болдым! *(Ашуланып)* Шайыңды іш!.. Шай ішуге тістің керегі жоқ шығар! Тіссіз-ақ ұлтабарыңа бірдеңе түсер... *(Шала естіртіп)* Оқ дәрің-жоқ па, тісің бар ма, жоқ па, не пайда одан!

АҚСАҚАЛ – *(Дөрекі)* Доғарсайшы енді сөзді! Басқаның шаруасына араласпа!

БӘЙБІШЕ – Міне дұрыс болды... Жылаңқырай түс! Тағы! Тағы! Содан жағдайын жөнделіп кетсе, көлдет көз-жасыңды!

*(АҚСАҚАЛ үнсіз жылайды, қалғандары тамақтана береді...)*

*Таң біржола атты...*

*Үйге күннің өзі кіріп кеткендей жапжарық...*

*АҚСАҚАЛ шай ішіп, тамақтанып болады...*

*Түрегеліп, әжетханаға беттейді...*

*ӘЙЕЛ мен ЖАС КЕЛІНШЕК устелді жинастыра бастайды...*

*АҚСАҚАЛ қайтып оралып орнына жайғасады... ЖАС КЕЛІНШЕК ас үйде дыбыссыз ыдыс-аяқ жууда, АҚСАҚАЛ ӘЙЕЛГЕ сигарет әпер деп белгі береді...)*

ОТАҒАСЫ – Әперсейші!

*(ӘЙЕЛ АҚСАҚАЛҒА тығулы тұрған сигареттердің бірін ұсынады... АҚСАҚАЛ ЕРКЕК сигаретті масайрай алады... Ұлына тұтат дегендей белгі береді. Отағасы сигаретті тұтатады...)*

АҚСАҚАЛ – *(Темекісін рахаттанып молынан сорады. Біраз уақыт түтінді шығармай ауызында ұстайды. Баласына қарап )* Саған менің ағаммен жүздесудің сәті түспеді... Ол көзі тірі болғанда қазір менімен қатар отыратын еді. Ол менен екі жас үлкен болатын... Тұйық бала болушы еді... Ешкіммен сөйлеспейтін... Біз бәріміз қар көшкіні болып қала ма деп қорқатынбыз... Ол бәрінен қатты қорқушы еді... *(Ол бөлмені нұсқайды)* Біз бірге жатушы едік... Кейде ол түн ортасында шошып оянатын... Қара терге малынып оянатын... Мен одан не болды деп талай рет сұрайтынмын... Ол жауап бермейтін... Содан бірде менен ешкімге айтпаймын деген сөзімді алды да бәрін ақтарып айтып берді... Оның айтуына қарағанда, кез келген сәтте кішкентай ғана шудан бәрі бітуі мүмкін деген ой санасынан шықпай қояды. «Қанша сақ болсаң да, жұрттың бәрі үшін жауап бермейсің ғой, тосыннан біреу жаңсақтық жасап қалса бітті ғой. Сосын көзді ашып-жұмғанша бізді жер бетінен сыпырып әкетеді... Өзің тек елестетіп көрші – айдалада бірдеңе дүрс ете қалса болды, біз бұл дүниеде жоқпыз! Қолдан келер еш қайран жоқ!» Ол керемет қорқушы еді, менің ағам, сөйтіп өмір бойы қар көшкіні бола ма деген үреймен өтті. Үрей адамды құртады... Жегідей жейді... Іштен мүжиді... Бір жолы ол тағы түн ортасында оянып кетті... Сосын маған айтқаны: «Мен түп-тура қазір далаға жүгіріп шығып, айқай салғым келіп тұр. Өзімді өзім билей алатын түрім жоқ – бар дауысыммен айқайлағым келіп тұр». «Есің дұрыс па сенің?», – деймін мен оған, – Ал егер қар көшкіні тура біздің төбемізге түссе ше? Бәріміз қырыламыз ғой... Есінде ме, одан өзің де қорқушы едің ғой? Немене, енді өзің қорықпайтын болдың ба?» Оның маған қайтарған жауабы: «Ажалдан қорқатын несі бар! Мен үрейден жалығып болдым. Мен тіптен енді үрейленбей өмір сүре аламын деп үміттенбеймін де. Одан да өлген жақсы, үнемі үрейленіп жүргеннен... Күндердің күнінде мен бар дауысыммен айқай саламын... Мен өз үрейімнен тек осылай құтыла аламын! Мен айқай салғым келеді!». Мен айтам оған: «Жарайды... Сен сөйтіп бізді де үрейімізден құтқарасың...», соны айтып үлгермей, өзім зәре-құтым қашып, бүрістім де қалдым. Өйткені осы сөздерді шын көріп, шынымен-ақ айқай салып жүрсе?!

*(АҚСАҚАЛ кенет қалғып кетеді...)*

*ОТАҒАСЫ оның құлтабағын алып кетеді...)*

*ЖАС КЕЛІНШЕК, ыдыс-аяқ жуып тұрып кенет шайқалақтап кетеді, оның қатты ауырсынып тұрғаны жүзінен байқалады...)*

*ЖАС ЖІГІТ, секем алып, әйеліне тақайды...)*

ЖАС ЖІГІТ – *(Ешкім естімейтіндей етіп)* Не болды?

ЖАС КЕЛІНШЕК – Қайтадан басталды...

ЖАС ЖІГІТ – Басылады ғой...

ЖАС КЕЛІНШЕК – Шыдататын емес (*Ыңырсыды*) Мен шыдай алмаймын...

ЖАС ЖІГІТ – Сәл шыдашы!

ЖАС КЕЛІНШЕК – Бұған шыдау мүмкін емес...

ЖАС ЖІГІТ – Шыда!

*(БӘЙБІШЕ бір қолайсыздықты сезіп, екеуін де жіті бақылай бастайды... Бірақ бәрібір не екенін түсіне алмай әуре...)*

ЖАС КЕЛІНШЕК – Не істеуім керек?

ЖАС ЖІГІТ – Мұны бір де бір жан сезбеуі керек!..

ЖАС КЕЛІНШЕК – Қайтіп жасырамыз?

ЖАС ЖІГІТ – Бөлмеге барайықшы.

*(ЖАС ЖІГІТ пен ЖАС КЕЛІНШЕК жайлап өз бөлмелеріне өтеді. Бөлмесіне ештеңе болмағандай жайлап өтеді... ЖАС КЕЛІНШЕКТИҢ толғағы жалғасады)*

ЖАС ЖІГІТ – Қазір қалайсың?

ЖАС КЕЛІНШЕК – Басылған жоқ!

ЖАС ЖІГІТ – Өтіп кетеді.

ЖАС КЕЛІНШЕК – Қауіп қайдан болса, қатер содан... Қорыққан шаруама тап болдым... Өмірімде мұндай ауырсынып көрген жоқ едім... Толғақ! Шын толғақ келді! (*Үнсіз жылайды...*) Не болады енді? Не істеймін?

ЖАС ЖІГІТ – (*Жағдайдың шарасыздығына қарамастан, сөзін жалғастырады*) Жоға! Мезгілі келген жоқ! Біз екеуміз алғаш рет бірге болғанымыз жылдың басы еді ғой... Тоғыз ай толған жоқ... Оған он күндей коссак... Басылады... Күдер үзбе!

*(ӘЙЕЛ келінінің жоқ екенін аңғарады... Жуылмаған ыдыстарға қарайды... Келіні кір ыдыстарды өзіне қалдырған екен деп зығырданы қайнайды... Ыдыстарды жуа бастайды...)*

ОТАҒАСЫ тақтай сүргілейді...

БӘЙБІШЕ маңайдағы оқиғадың себебін аңғаруға тырысады...

АҚСАҚАЛ едәуір қатты ұйқыға берілген... Шамалап қорылдап қояды...

ӘЙЕЛ кір ыдыстарды жуып болып қалады...)

ӘЙЕЛ – (*Қолын сүртіп, сөзін күйеуіне қаратып*) Келінді көрген жоқсың ба?

ОТАҒАСЫ – Олар бөлмесіне кетті... Жай ма?

ӘЙЕЛ – Кір ыдыстарды тастап кетіпті...

ОТАҒАСЫ – Сен оны көп жұмсай берме... Уақыты таяу емес пе...

ӘЙЕЛ – Менде сен сияқты қамқор ата болса ғой... Мені ешкім өйтіп еркелеткен емес...

ОТАҒАСЫ – Қайтесің сол өткенді қаузап...

ӘЙЕЛ – Маған келгенде өткенді қаузауға болмайды... Біле білсең мен олардың екеуін де күтіп-бағып отырмын... Екеуін бірдей!

ОТАҒАСЫ – Бұдан былай да бағып-қағасың... Сенің пешенеңе жазғаны сол! Ал біздің балаларымыз бізді бағып-қағатын болады...

ӘЙЕЛ – Қайран қалам, қазіргі жастар көмек жасай қояды деп қалай ғана үміт қыласың сен... Мұнда біреулер қайтып келіп пе еді, біздердікі де қайтып оралады деп күтудің қажеті қанша... Кетеді көшіп, қайтып келер деп ойлайсың ба? Біздің таныстармыздың балаларының қайтадан оралғаны барма еді?

ОТАҒАСЫ – Менің ұлым ондай емес.. Ол қайтып келеді...

ӘЙЕЛ – Ол өз басы қайтып оралғысы келуі мүмкін, бірақ келін жібере қояр ма екен? Ол келіннің аузына қарап қалды емес пе... Басқалардың аяғы ауыр әйелі жоқтай...

*(БӘЙБІШЕ ұлы мен келіні келіспей қалғанын сезіп қалады... олардың не жайында сөйлескенін түсіне алмай дал... Сонымен қатар жастардың бөлмесінде не болып жатқанын көруге тырысуда...)*

ОТАҒАСЫ – Қойсаңшы енді ене боп қойқандағаныңды!

ӘЙЕЛ – Шындықты айта бастасаң, ене боп қойқандаған бола қаласың...

ОТАҒАСЫ – Қойсашы, шаптыға бермей... Сен де жас келін болғансың... Менің шешеме көрсеткенінді ешқашан ұмыта қоймаспын... Байғұсқа күні бүгінге дейін күн көрсетпейсің...

*(Үнсіздік...)*

*ЖАС КЕЛІНШЕК ауырсынғаны басылды... ЖАС ЖІГІТ сұлгімен тершіген бетін сүртеді)*

ЖАС ЖІГІТ – Көрдің ғой, басылды...

ЖАС КЕЛІНШЕК – Құдайға шүкір...

ЖАС ЖІГІТ – Жүр, қонақ бөлмеге өтейік... Ештеңеге сезіктенбесін...

*(ЖАС ЖІГІТ әйелімен қонақ бөлмеге өтеді... БӘЙБІШЕ не болғанын әлі ұққан жоқ, бірақ істің мәнісі неде екенін түсінгісі келіп бәйек болуда...)*

*ЖАС КЕЛІНШЕК ас үйге қарай өтеді...)*

ӘЙЕЛ – *(Кекете)* Әуре болмай-ақ қой, қызым... Мен бәрін жуып тастадым...

ЖАС ЖІГІТ – Байқадың ба, шеше, оның шамалы басы айналыңқырағаны...

*(ЖАС ЖІГІТ әкесінің тұсына келіп отырады... Қолына тақтай алады... Ол да тақтай сүргілей бастайды... Біреуін бітіріп, оны дайын тақталарға қосады да, екіншісіне кіріседі...)*



*ЖАС КЕЛІНШЕК АҚСАҚАЛДЫҢ көрпесін қымтайды... Оттықтағы шалаларды қаузайды)*

**БӘЙБІШЕ** – *(Қысылыңқырап)* Балам... Сен мені, әлгі...

*(ОТАҒАСЫ мен ЖАС ЖІГІТ қатарынан орындарынан атып тұрады. БӘЙБІШЕНҢ өз бетімен қозғала алатынын олар біле қоймайды. Олар БӘЙБІШЕНІ екі жағынан демей қолтықтап әжетханаға қарай жетектеп апарады...)*

**ӘЙЕЛ** – *(Түрегеліп, олар өткен соң есікті жабады...)* Жарылып кеткір!

**ЖАС КЕЛІНШЕК** – Бұған да шүкір дейік ол кісінің анда баратынын сездіруге қалы келгеніне ... Өзі айта алмаса, біз қайтер едік?

**ӘЙЕЛ** – *(Ашулана)* Не істеуші едік? Көнер едік, басқа амал бар ма? Енді маған ең болмаса қол ұшын беретін бір пенде табылсашы, қалжырап біттім әбден!

**ЖАС КЕЛІНШЕК** – Маған ренжімеңіз, шеше... Менің қазір қимылдауым қиынға соғып тұр ғой... Әйткенмен, шамам келгенше көмектесуге тырысып жүрмін ғой Сізге...

*(Әйел жауап қатпайды... Олар үнсіз...)*

*ОТАҒАСЫ мен ЖАС ЖІГІТ БӘЙБІШЕНІ сүйреткендей жетелеп келеді... Төсекке жатқызады...)*

**БӘЙБІШЕ** – Алла жар болсын сендерге! Қолдарыңның ұшы тиген жер алтынға айналсын! Алла тағала тілеуеріңді берсін! Алла сендерге қол-аяғы балғадай ұл берсін!

**ЖАС ЖІГІТ** – Айтқаныңыз келсін, әже... *(Өзіне өзі)* Тек қана бәрі уақытында болғай! Сонда үрейіміздің бәрі кетер еді сонымен!

*(ОТАҒАСЫ мен ЖАС ЖІГІТ қайтадан тақтай сүргілеуге, оларды өңдеуге кіріседі...)*

*БӘЙБІШЕ түшкіруге ыңғайланады. Аузы-мұрынын қолымен басып, дыбыссыз түшкіреді)*

**ҚАЛҒАНДАРЫ** – Жәракаамалла!

**ҚАРТ АНА** – Барлығыңа да құдай қуат берсін.

**АҚСАҚАЛ** – *(Кенет оянып кетеді... Өзінің ағасы туралы оқиганы аяқтаған жерінен қайта жалғастырады)* «Жоқ!», деймін мен оған, «Сен өйтуге қақың жоқ! Сен айқайламауға тиіссің! Біз бәріміз, бәріміз құримыз онда! Сен не, біздің опат болатынымызды ойламайсың ба?»

«Ойлаймын, бірақ өзіме өзім ие бола алмаймын... Тура далаға жүгіріп шығып айқай салғым кеп кетеді...»

Ол соны айтқанда мен оның қалай қиналып жүргенін түсінемін...  
Ботадай боздайды.

«Сөйтсем жұрттың бәрі менің кінәмнан қырылады...

Құдайым-ай, тура әңгі болып кеткендеймін... Ешкім де ешқашан айқай салуды осыншама армандаған емес. Мұнымен тек әйелге деген құштарлықты салыстыруға болатын шығар... Миымнан шығара алмай қойдым сол құрығыр ойды, өзімді-өзім ұстай алмаймын, неге екенін», – деп бар жан-тәнін салып, беріліп айтады.

Менің жағдайым одан да қиын... Өйткені үрей бәрімізді бүріп тастаған... Ол онымен қоймай, әрі қарай жалғастырады: «Мен шыдауға тырысамын, ал егер де осы қатерлі қателікті басқа біреу жасай салса ше?» Содан бастап біздің жаппай үрейімізге күндердің күндерінде менің ағам ойда жоқта айқай сала ма деген үрей қосылды...

Мен енді оны үнемі аңдитын болдым...

Ол түзге шықса – мен қоса шығам... Сөйтсем де оның көзіне жалынышты түрмен мөлиіп қадаламын...

Кей-кейде қолдарымен көлегейлеп, ауызын айқай салуға аша бастап, маған көзі түсіп кеткенде қарасаң оның көздерінде тұңғиық шарасыздық аңғарылады да ағам райынан кері қайтып, тістеліп барып, айқай салудан өзін-өзі зорға тоқтатады...

Бір күні ол маған: «Мен енді айқайлағым келмейтін болды» деп тұр.

«Сен шын айтып тұрсың ба?», – деймін мен.

«Ия», – дейді.

Сондағы қуанғанымды көрсендер, айтып жеткізе алмаймын мен...

Көз жасыма да ие бола алмадым... Мен оған, бауырым жаңа түзеле бастадың деп ауызымды жиып алғанша, ол маған: «Қанша айқайлай бере алам мен, айқайлай беруге, айқайлай беруге демім жете ме менің! Айқайдан пайда жоқ... Білесің бе менің не істейтінімді, мен мылтық атамын! Ия, ия, мылтық атамын! Мен мылтық атсам біздің үстімізге қар көшкіні, тіптен бірінен соң бірі бірнеше көшкін құлдилаиды!»

Ah, құдайым-ай... менің ағам шынымен-ақ алжасқан екен...

Менің көз алдымда... Оның үстіне оған не істей қоясың...

Мен тұп-тура әкеме бардым да, бәрін жайып салдым, осылай да осылай деп.

«Онысы жақсы болған, – дейді әкем, – айқалағысы келмегені, ал патрондарды біз тығып тастаймыз, содан ештеңе болмайды... »

Мен оған қарсы шықтым: «Бұл табылған амал емес... Ол өзін-өзі ұстай алмай қалса қайтеміз? Ол мылтық ата алмаса, амалсыздан ол күйгелектенеді де қайткенде айқай салады... Жалпы біздің деміміз біту үшін мылтықты лақтырғаннан түк пайда жоқ... Бар дауысыңмен айқайласаң болғаны – бәріміз опат боламыз ғой... бізге қар көшкінін құлату... ағамның миына кіріп алған... Ал сен шындықты жасырғың келеді... Оны құтқару үшін сөйтіп тұрсың! Мен де сенің балаңмын...

Мен де өлем ғой онда... Сіздер де.. Оның үстіне мұны айтпасақ, онда өзің ғана емес, біз де кінәлі боламыз. Тіптен біз опаттан аман қалсақ та... Әкетай,

сен осыған көнуің керек. Менің ағам есінен адасқан. Егер біз бұл туралы хабарламасақ, шара қолданбасақ, ол бақыра салуы мүмкін, сонда бізге не істе деп бұйырасың? Қар көшкіні басып қалса, кім құтылар дейсің одан? Бүгін біз жалғыз бір адамға жанымыз ашыса, ертең жұрттың жаппай қырылғанына душар болмаймыз ба? Ол менің ағам бола берсін, сен айтуың керек, айтуың керек, әке, бұл жайында!..»

Әкем тұңғыш рет қатты ойланып қалды...

*(АҚСАҚАЛ қайтадан қалғып кетеді...)*

ОТАҒАСЫ – *(баласына қарап)* Сен бұл оқиғаны білуші ме едің?

ЖАС ЖІГІТ – Қалай білмессің оны?..

ӘЙЕЛ – Бір айтқанын қаншама рет қайталап айта береді езіп!

ЖАС КЕЛІНШЕК – Менің өзім үш рет естідім...

БӘЙБІШЕ – Дегенмен сендердің ешқайсың менен көп естіген жоқсыңдар... Біз бұл жақтан кеткенде, әсіресе алғашқы айларда, менің бұл оқиғаны күнде естуіме тура келетін... Не десек те, өмір бойы оның жаны жай тапқан емес... Меніңше, бұл азап өле-өлгенше оның қыр соңынан қала қоймас...

*(ОТАҒАСЫ мен ЖАС ЖІГІТ тақтайларын сүргілей береді...)*

АҚСАҚАЛ – *(Қайтадан оянып кетеді, әңгімесін тоқтаған жерінен әрі қарай жалғастырады)* Одан әрі әкем шыдай алмады... «Сенікі жөн!», – деді ол маған... Барды да Ақсақалдар алқасына бәрін жайды да салды... Оның сөзін бір адам бөлмей үнсіз тыңдады... Көпке дейін жауап қатпай қойды... Бұдан бұрын олар мұндайды естіп көрмеген болатын... Әкем сонда олардан «Енді сендер менің ұлыммен не істейсіңдер? Менің білуге қақым бар емес пе...», – деп сұрайды. Ақсақалдар біраз ойланып барып: «Жерлес-ау, бізде таңдау мүмкіндігі болып тұр дейсің бе! Не істейтніміз айдан анық... Қар көшкіні бізді басып қалғанша шыдап күте алмаймыз! Оның аузын буып, қол-аяғын байлап, алыстау бір жерге тыға тұрамыз...»

«Қанша уақытқа дейін?!»

«Қар көшкінінің қаупі сейілгенше... Жоқ-жоқ, ешкімнің де аузын аштыруға боламйды... Есуасқа сенуге бола ма? Кенет оның айкай салмасына кім кепіл?»

Әкем оларға қарсы сауал қояды: «Ойпырау, ас-сусыз оған адам шыдай ала ма? Сіздер оны тікелей ажалға қиып тұрсыздар ғой...»

Әкемді ешкім тыңдаған да жоқ... Ағамның қол-аяғын матады да, аузын байлап, қазына үйіне қамады да тастады... Оған анда-санда күзеттегілер талғажау тамақ беріп отырды... Ол ойда жоқта бақырып жібермес үшін біреуі оның аузына тамақ тығындап, екіншісі дәп-дәу қолдарымен оның аузын баса қояды... Сөйткенше он бес күн өтті... Сосын олар келді де. «Сіздің балаңыз өліп қалды!», – деп естіртті. Өзі өлді ме, күзетшілер буындырып өлдірді ме – бізге беймағлұм *(Қайтадан қалғып кетеді)*.

БӘЙБІШЕ – Қатерлі мезгіл өткен соң менің тұңғыш балам дүниеге келді... *(Баласына қарап)* Сені туып едім сонда... Бірінші қар жауғанда біз осы жерден кетіп едік... Жаңа жерге барған соң біз көпке дейін үндемедік... Біз өзімізбен бірге осы арадан кеткендермен бірге қоныс аударғандар лагерінде тұрдық... Біздің әдет-ғұрпымыз сол бетінде сақталды... Қоныс аударғандардың барлығы басылыңқы, үрейленген бетінде жүретін... Жергіліктілер біздерді жақсы көрді... Бізді кез келген жұмысқа жалдайтын... Біз ешқашан қарсы келмейтінбіз, ештеңеге бас көтермейтінбіз... Ұсынса – аламыз, ұсынбаса – сұрамаймыз... «Кел!» десе келеміз, «кет» десе кетеміз, «бер» десе береміз... Ең ауыр деген жұмыс бізге бұйыратын! Жергіліктілер мен біз жер мен көктей болатынбыз... Олар у-шу болып, өзара быт-шыт болып жатады... Күлсе естерін танғанша күлетін... Біздерді өте жақсы көретін, ал осы жер жайында айтқызбайтын: «Біз сендерді қабылдадық па? Онда шаруаларыңды істеп жайларыңа жүріңдер! Ал енді үрей туғызуға біз жол бермейміз!», – деуші еді олар...

Одан кейін тағы бір нәрестелі болдым... Тағы да ұл еді... Өмірі ұзақ болмады байғұстың... Содан кейін қыз тудым... Оны да құдай көп көрді...

Осыдан кейін-ақ ол өзгере бастады... Ағасы ойынан шықпай қойған сияқты... Күніге ішіп келетінді шығарды... «Бұл жан дертім менің түбіме жететін шығар!», – дейтін. Мен оған сенетінмін... Кейінірек білдім, ол басқа бір әйелге барып жүреді екен. «Не бар саған басқа әйелге барып?», – деймін ғой мен өзімше, ол болса: «Әй, менің ағамның басынан кешкен қайғысынан кейін мен не істегенімді біледі дейсің бе? Басымды қатырма!» деумен шектелетін...

Осыдан кейін ол сол ауылдың әйелдерінен әйел қоймауға айналды... Айтатыны, ағасының алдындағы күнәсі маза бермейді, содан өзін алдаусыратқандағысы сол... «Бәрін естен шығарғым келеді де тұрады! Өйтпесем мені бұл қайғы менің түбіме жетеді...» Еркектердің өз қамығуын қалай басатыны арқылы әйелдердің көрген тауқыметін сонда барып бірақ түйсіндім... Бізбен қатар бір кемпір тұратын... Соның өзі менің байымның жасап жүрген қиғылығын білетін... Күндердің күнінде ол маған: «Еркекті қайтып оралтудың тәсілі аз емес! Сен босқа еңіреп, салың суға кеткенше, бет-әлпетіңді түзеп, оны жарқырап қарсы алсайшы!», – дейді.

Мен айтқанын істедім... Ол болса маған елең де қылған жоқ...

Содан кемпір маған оның жақсы көретін тамақтарын әзірле дегенді миыма құйды... Бірақ оның ең сүйікті асының өзі тамағынан өтпей қойды... Өйткені ол басқа үйден лықия тойып келетін... Ал маған ол кеңірдегінен тойып, мас күйінде оралатын... Тоқ адамға тамақ берудің қаншалықты қиын екендігін сонда көрдім... Содан көпті көрген көршім маған тағы бір тәсілді үйретті... Мен де, балам да анда-санда ауырып қоюым керек екен... Содан мен ауру арқылы жұрттың, әсіресе еркектің назарын аудартуға болатынын білдім...

Көршімнің маған үйреткені: «Тек баланың ауырғаны түк темес... Сен де дәмкәс болуың керек, ол балаға қарасын, сонда ешқайда да кетпейді!»

Айтқан кеңестерінің бәрін орындадым да байымды үйге қайтарып алдым ақыры... Ол маған мүлде оңайға түскен жоқ! Оның қазіргі түріне – періштедей болып жатқанына қарамаңдар. Одан менің көрмеген қорлығым жоқ, құдай басқа салмасын!..

*(Кенет ЖАС КЕЛІНШЕК ауырсынып, қиналады... Екі бүктеліп қалады... Көрші бөлмеге зорға дегенде өтеді... Оның жағдайын аңғарған күйеуі соңынан кетеді... Ол әйелінен көзін айырмайды...)*

*Мұны БӘЙБІШЕ де аңғарып қалады... Оның зәре-құты қалмай не болғанын түсінгісі келеді...)*

ЖАС КЕЛІНШЕК – Шыдай алмаймын енді!.. Құдайым-ай! Шыдай алмаймын!

ЖАС ЖІГІТ – Менің қолымнан не келуші еді?! Шыда!

ЖАС КЕЛІНШЕК – Бұл толғақ... Түсінсейші енді! Аһ, құдайым-ай! Бірдеңе жасасайшы! Құтқара көр мені!

*(БӘЙБІШЕ ОТАҒАСЫНА ыммен бірдеңе түсіндіргісі келеді... ОТАҒАСЫ оны байқамағанын көріп, алаңдап түрегеледі де ұлына беттейді...)*

*ӘЙЕЛ БӘЙБІШЕНІҢ өз бетімен жүріп келе жатқанын көріп, таңданғаннан сілейіп тұрып қалады, ол тіптен сөйлеуге де шамасы келмей қалады...)*

БӘЙБІШЕ – Балам! Келін!

ОТАҒАСЫ – Не боп қалды, шеше?

ӘЙЕЛ – Жүріп кетті! Сенің шешең жүріп кетті!

ОТАҒАСЫ – Шеше, сен өз бетіңмен жүре алатын болдың ғой!

БӘЙБІШЕ – Ия, мен жүріп келемін... Тек мен жүрдім бе, жүрмедім бе, оны талқылайтын уақыт емес қазір... Келін босанайын деп жатыр!

ОТАҒАСЫ – Не деп тұрсың?

ӘЙЕЛ – Сенің шешең жүре алады екен ғой!

ОТАҒАСЫ – Сен немене, естімей қалдың ба?! Ол: «Келін босанайын деп жатыр» деді ғой!

*(Үшеуі бірге көрші бөлмеге өтеді... Олар шамалы уақыт көргендерінен үрейленіп, есеңгіреп тұрып қалады. Бөлмедегі ЖАС ЖІГІТ пен ЖАС КЕЛІНШЕК олардың келгенін аңғармай да қалады...)*

*ЖАС ЖІГІТ әйеліне ыммен үніңді өшір деп әбігер...*

*ЖАС КЕЛІНШЕК ауырсынғаннан бебеу қағуда... )*

ОТАҒАСЫ – Не болды, балам?

ӘЙЕЛ – Не боп қалды?

ЖАС ЖІГІТ – Ештеңе де болған жоқ...

ӘЙЕЛ Тыңдашы...

ЖАС КЕЛІНШЕК – Менің ішім ауырып кетті... *(Ауырсынғанын білдіргісі келмей)* Қазір басылады...

*(Бәрі ЖАС КЕЛІНШЕККЕ тесірейіп қалған...)*

ЖАС КЕЛІНШЕК өзінің жан шыдатпас ауырсынып тұрғанын сездірмеуге бар күшін салуда... Одан әрі шыдауға дәрмені жоқ ол еріксізден аяқтары бүгіліп еденге шөге бастайды...)

ӘЙЕЛ – Құдайым-ай! Бұл толғақ қой! Толғақ!

ЖАС ЖІГІТ – Жоға, шеше... Оның құр іші ауырып кетті...

ӘЙЕЛ – Құдайым солай болғыза гөр... Мүмкін, су әкелу керек шығар?

ЖАС КЕЛІНШЕК – Мен енді шыдай алатын түрім жоқ... *(Ыңырсип бастайды...)*

ЖАС ЖІГІТ – *(Әйелінің ауызын бүркемелен)* Қазір басылады...

ӘЙЕЛ – Басылмайды...

ОТАҒАСЫ – Не боп кетті өзі?

ЖАС ЖІГІТ – Оның іші ауырып кетті, әке...

ӘЙЕЛ – Бұл іш ауырғанға мүлде ұқсамайды... Білем ғой мен, сан рет босанған... Бұл толғақ!.. Толғақ!..

ОТАҒАСЫ – Құдайым-ай!

БӘЙБІШЕ – Айттым ғой мен сендерге!

ӘЙЕЛ – Енді не болады?

*(ЖАС КЕЛІНШЕКТИҢ ауырғаны сәл басылады, оның денесі босап кетеді... Тек қана бет-жүзі моншақ-моншақ терге толы...)*

ЖАС ЖІГІТ – Айттым ғой мен сендерге, басылады деп... Көрдіндер ме, бәрі жақсы...

ӘЙЕЛ – Түк те басылған жоқ... Бұл толғақ арасындағы үзіліс қана... Кешікпей қайта басталады...

ОТАҒАСЫ – Сен қайдан білесің?

ӘЙЕЛ – Мен білмегенде кім біледі? Менің екі балам ғана аман қалғанмен, мен алты рет тудым емес пе... Ашығын айтуымыз керек, бұл толғақ...

*(Шамалы уақытқа үнсіздік жайлайды)*

ЖАС ЖІГІТ – Неге сонша сенімді боп тұрсың, шеше?

ӘЙЕЛ – Менің жаңағы айтқанымды естімегендей болуын! Сені туғанымды есептемегенде мен бес рет басымнан өткен...

*(Тағы да бәрі үндемей қалады...)*

ОТАҒАСЫ – Көзімізді жеткізуіміз керек...

ЖАС КЕЛІНШЕК – Бәрі басылды... Менің әшейін ішім ауырып еді, енді басылды...

БӘЙБІШЕ – Сөйтеді ондайда... Басында ауырады да, содан соң басылады... Қайта ауырады да қайта басылады... Сосын қайтадан...

ЖАС ЖІГІТ – Сонда не істеу керек?

ОТАҒАСЫ – Бар да босандыратын әйел – кіндік шешені шақыр...

ЖАС ЖІГІТ – Бірақ та...

ОТАҒАСЫ – Біз оны шақыруға міндеттіміз... Бұл толғақ болмаса, мәселе оңай шешіледі... Біздің де жүрегіміз орнына түседі, сендердің де... Сақтықта қорлық жоқ, сақтанған жақсы, өзінді үреймен тербеткеннен...

ЖАС ЖІГІТ – Ал егер бұл толғақ болса ше?

ОТАҒАСЫ – *(Естімегенсің)* Бар да шақыр кіндік шешені.

ӘЙЕЛ – Содан кейін шешеміз не істейтінімізді... Әзірге басқадай амал жоқ... Біз шақыруымыз керек кіндік шешені.

*(Біраз уақыт тағзы үнсіздік жайлайды...)*

ОТАҒАСЫ – Мұндай жауапкершілікті біз өз басымызға ала алмаймыз... Кешіккен әрбір сәтіміз бізге қырсық болуы мүмкін... Ережеге бағыну керек...

ЖАС ЖІГІТ – Бірақ та...

ОТАҒАСЫ – *(Шешімді түрде)* Біз әркімнің өмірін қатерге тігуге қақымыз жоқ! Мұндай жағдайдың бәрін тиісті жерге хабарлауға тиістіміз... ережені білеміз ғой біз... Біз оны бұзуға қақымыз жоқ... Шақыр әлгі әйелді...

ЖАС ЖІГІТ – Шақырмаймын!

ОТАҒАСЫ – Шақыру керек оны!

ЖАС ЖІГІТ – Бұл толғақ емес қой! Бұрын да солай болған, әжетханаға барып келген соң басылған болатын... Бәрі дұрыс... көріп тұрсындар ғой, бәрі орнында екенін! Кішкене кідіре тұрайық...

ОТАҒАСЫ – Күтетін не бар? Біздің көзімізше босансын демесең?

ЖАС ЖІГІТ – Туайын деп жатқан жоқ ол!

ОТАҒАСЫ – Сен қайдан білесің? Біз көзіміз жетіп сенімді болуымыз керек... Мен саған: «Шақыркіндік шешені» деп едім ғой.

ЖАС ЖІГІТ – Тоса тұршы, шеше! Асығып бүлдіріп алмайық бірдеңені... Күте тұршы!

ОТАҒАСЫ – Не бар күтетін? Құр уақытты босқа алып тұрсың! Созба деймін, шақыр оны! Шақыр дедім ғой саған!

ЖАС КЕЛІНШЕК – Шыдай тұрыңызшы, шешетай! Көрдіңіз бе, бәрі басылды... Менің жағдайым тамаша... Маған алаңдайтын ештеңе жоқ! Мен ант ішейін, ант ішейін, бұл толғақ еместігіне!

БӘЙБІШЕ – Бұл толғақ болмаса, онда одан сен несіне қорқасың? Ол әйел солай екендігін растайды, сосын жұрттың бәрінің көңілі орнығады – сендердің де, біздің де... Солай емес пе, балам?

ОТАҒАСЫ – Шешем жөнін айтып тұр... Біздің көзіміз жетуі керек... Ал оны сол кіндік шеше ғана айта алады...

ЖАС ЖІГІТ – Әйткенмен бұл толғақ болса ше?

ӘЙЕЛ – Біз саған айттық емес пе, бір емес, бірнеше рет айттық! Біз бұл жағдайды уақытылы хабарламасақ біз қатал жазаға тартыламыз! Сен немене, ұмытып қалдың ба, мүмкін болатын қатерді жасырған адам бәрінен де сол көбірек кінәлі болатынын?

ОТАҒАСЫ – *(Шешімді түрде)* Біз сенімді отыруымыз керек... Әлде, сендер белгілеген күннен бұрын да бірге болған шығарсыңдар, а?

ЖАС ЖІГІТ – Әке, мен туралы қалай ғана солай ойлай аласың?

ОТАҒАСЫ – Олай болса ол әйелді шақырудан несіне қашқалақтап тұрсың? Айтшы өзі, себебі не? Айт! Мен саған бұйырамын: «Айт!». Айт! Айт кәне! Тілің байланып қалды ма? Жоқ әлде естімей тұрмысың мені! Десейші бірдеңе!

*(ОТАҒАСЫ ұлының жанына таянып келіп, біресе қолын, біресе білегін қысып, өзін-өзі қаһарлы ашудан зорға тежеуге тырысуда)*

ЖАС ЖІГІТ – Сен ойлағандай емес бәрі, әке! Ант ішейін, мүлде олай емес!

ОТАҒАСЫ – Олай болса, сен неден қорқып тұрсың, бұқашық! *(Қолын одан сайын қыса түсіп)* Сен менің бар абыройыма жармастың ғой... Соқыр тиынға сатып кеттің... Иттен жаратылған неме, тым құрығанда бір айға шыдай тұрмадың ба? Шалбарыңның ауына ие бола алмағаның сонда, енді тарт сазайыңды! Бұдан кейін біз ел-жұрттың бетіне қалай қарамақпыз? Енді өмір бойы біздің бетімізден таңба кетпейтін болды – ұлсымағы мезгілінен бұрын дамбабын шешіпті деген! Титімдей де ар-ұят деген жоқ сенде! Сенің арам әйелқұмарлығың сенің де, біздің де түбімізге жетеді! Біздің қасиет тұтқанымыздың барлығын – ар-ұятымыз, абыройымызды түп-түгел айрандай төктің ғой! Сенің арқанда, бізді ешкім есінен шығармайтын болды, көр анау отбасын, солардың айғырсымағы жұрттың бәрін оңдырмады дейтін болды! Жөні түзу жұрт бізден айнала қашқақтайтын болды... Соқыр тиын құрлы көрмейтін болды... Маңына жолатпайды енді бізді, безінетін болды бізден!

ЖАС ЖІГІТ – Ешнәрсе болған жоқ дедім ғой, әке, түк те болған емес!

ЖАС КЕЛІНШЕК – *(Еңірейді)* Әке деймін, біз бірге болған жоқпыз! Ел сөгетіндей ешнәрсе жасаған жоқпыз!

*(ОТАҒАСЫ бір сәт тына қалады... Өзінің артық кеткенін жаңа түсінеді...)*

ӘЙЕЛ – *(Күйеуін ұлынан әрмен әкетіп)* Айтып тұр ғой енді, ештеңе болған жоқ деп... Мазасын алмасаңшы енді...

*(Отағасы баласынан әрі өтеді... Сабасына түсе бастайды...)*

ОТАҒАСЫ – *(Қайтадан сенімді түрде)* Е, олай болса және бір көзіміз жетсін... Бар да шақыра ғой әлгі әйелді... Бар-бар, созбалақтама! Несін созасың! Шират!



ӘЙЕЛ – Не дейін мен оған?

ОТАҒАСЫ – *(үндемей қалады, біраз уақыт ойланып барып)* Былай де: «Келінімізден күдіктеніп қалып едік... Қарай салғаныңның артықтығы болмас... Бәрі жөн екендігіне көз жеткізейік деп едік». Бірақ оның толғағы басталғанын есіңнен шығарушы болма... Ол әйелді шақыруға кешігіп қалдық деген ой келіп қалып жүрмесін!

*(ӘЙЕЛ үстіне сырт киімді іле салыпдыбысын шығармастан сусып көшеге шығады...)*

*ЖАС КЕЛІНШЕК бәрінен күдер үзіп үнсіз еңіреуде...*

*Қалғандары алаң болған күйде сілейіп қалған...)*

## ШЫМЫЛДЫҚ

### ЕКІНШІ КӨРІНІС

#### II

*(ЖАС КЕЛІНШЕК өз бөлмесінде тұнжырап, үрейлі алаңмен отыр...)*

*ЖАС ЖІГІТ ойлы күйде әйелімен қатар отыр. Ол басқа түскен жағдайдан шығудың бір жолын қарастырып отырғандай күйде...*

*БӘЙБІШЕ өз орнында, есікке қарап, телміріп отыр...*

*ОТАҒАСЫ үйдің ішінде күйгелектеніп әрлі-берлі кезіп жүр, анда-санда терезеге тақап, сыртқа көз тастап қояды...*

*АҚСАҚАЛ ұйықтап жатыр...*

*Аулаға шығатын есік ашылады да ішке ӘЙЕЛ кіреді).*

ОТАҒАСЫ – Не болды?

ӘЙЕЛ – Айттым.

ОТАҒАСЫ – Не деді ол?

ӘЙЕЛ – Қазір келеді.

ОТАҒАСЫ – Сенімен қоса неге келмеді?

ӘЙЕЛ – Ол алдымен күзеттегілерге хабарлауы керек екен ғой...

*(ӘЙЕЛ келіннің бөлмесіне өтеді... Шамалы батылы барыңқырамай, кідіріңкіреп барып оны жұбатқандай шашын сипайды...)*

ЖАС КЕЛІНШЕК – Келді ме кіндік шеше?

ӘЙЕЛ – Қазір келеді... Мен жоқта ештеңе болған жоқ па?

ЖАС КЕЛІНШЕК – Жоқ!

ӘЙЕЛ – Үһ, басымыздан аулақ өтіп кетсе ғой бұл қырсық.

ЖАС КЕЛІНШЕК – Құдай қаласын деңіз!

ӘЙЕЛ – Мүмкін, бұл толғақ емес те болуы да ықтимал.

ЖАС КЕЛІНШЕК – Айтқаныңыз келіп, құдай қаласын деңіз!

ӘЙЕЛ – Маған өкпелеп қалған жоқсың ба өзі?

ЖАС КЕЛІНШЕК – Мен Сізге қалай өкпелеймін?

ӘЙЕЛ – Қайтейік енді? Біз болған жайды тезірек хабарлауымыз керек қой... Мен болмасам, басқа біреуі сөйтеді... Ертелі кеш, әйтеуір біреу хабарлау керек қой...

ЖАС КЕЛІНШЕК – Білем ғой...

*(Үнсіздік)*

ЖАС КЕЛІНШЕК – Мен қорқамын.

ӘЙЕЛ – Ендігісі бізге байланысты емес!

ЖАС КЕЛІНШЕК – Мен қатты қорқып барам...

*(ОТАҒАСЫ терезеден КІНДІК ШЕШЕНІҢ үйге тақап қалғанын көріп қалса керек, ӘЙЕЛГЕ тақайды)*

ОТАҒАСЫ – Келіп қалды!

*(ОТАҒАСЫ мен ӘЙЕЛ есік ашады)*

ӘЙЕЛ – Төрлетіңіз!

ОТАҒАСЫ – Өтіңіздер.

*(Алдымен КІНДІК ШЕШЕ, одан кейін І КҮЗЕТШІ өтеді)*

КІНДІК ШЕШЕ – Қайырлы таң!

І КҮЗЕТШІ – Күндеріңіз қайырлы болғай!

ОТАҒАСЫ – Қайырлы таң!

ЖАС ЖІГІТ – Сіздерге де соны тілейміз!

ӘЙЕЛ – Сәламатсыздар ма?

БӘЙБІШЕ – Бізге бір жақсылық хабар әкелді деген үміттеміз, қызым!

*(КІНДІК ШЕШЕ БӘЙБІШЕНІҢ қолынан сүйеді \*)*

БӘЙБІШЕ – Менің жасымды берсін!

*(ЖАС ЖІГІТ КІНДІК ШЕШЕНІҢ қолынан сүйеді)*

\* Түркияда үлкендерді құрметтегеннің белгісі ретінде олардың қолдарынан сүйіп, қолын маңдайына тигізу әдеті бар *(аудармашының ескертуі)*.

КІНДІК ШЕШЕ – Өмір-жасың ұзақ болсын, балам.

ЖАС ЖІГІТ – Бұл толғақ емес...

КІНДІК ШЕШЕ – Айтқаның келсін, құдай қаласын.

ӘЙЕЛ – Бірдеңе ауыз тимейсіздер ме?

КІНДІК ШЕШЕ – Мұндай жағдайларды уақыт қымбат. Созбай-ақ қояйық... Егер... Егер біз қорыққандай болмай шықса, кетерде кофе-мофе ішермін...

ӘЙЕЛ – Құдай қаласа.

КІНДІК ШЕШЕ – Құдай қолдасын де. Келін қайда?

*(ӘЙЕЛ алдымен, одан кейін КІНДІК ШЕШЕ өтеді)*

ОТАҒАСЫ – *(І САҚШЫҒА қарап)* Оу, сен неге тұрып қалдың?!

*(І САҚШЫ отырады. КІНДІК ШЕШЕ ЖАС КЕЛІНШЕККЕ тақайды. Оның шашынан сипайды)*

КІНДІК ШЕШЕ – *(ӘЙЕЛГЕ қарап)* Сен шыға тұр!

*(ӘЙЕЛ жұрттың барлығы тұрған бөлмеге өтеді)*

КІНДІК ШЕШЕ – Тезірек айығуыңа тілектеспін, қызым.

ЖАС КЕЛІНШЕК – *(Дауысы дірілден)* Рахмет, тәтей.

КІНДІК ШЕШЕ – Алдымен әңгімелесіп алайық шамалап.

ЖАС КЕЛІНШЕК – Жақсы.

КІНДІК ШЕШЕ – Тек қана адалын айт... Келістік пе?

ЖАС КЕЛІНШЕК – Келістік!

КІНДІК ШЕШЕ – Күйеуіңмен алғашқы түнді қашан өткізіп едіңдер?

ЖАС КЕЛІНШЕК – Желтоқсанның ортасында.

КІНДІК ШЕШЕ – Ал оған дейін екеуіңнің араңда бірдеңе болып па еді? Айталық, сүйісу, тағысын тағы, сондайлар. Мүмкін, білместікпен рұқсаттың шегінен аттап кетіңдер ме, сен оны менен жасырмауың керек.

ЖАС КЕЛІНШЕК – Мен түкті де жасырып тұрғам жоқ!

КІНДІК ШЕШЕ – Мен сенің өзіңнің абыройың үшін сұрап тұрмын...

ЖАС КЕЛІНШЕК – Ант етемін, мен бар шынымды айтып тұрмын.

*(КІНДІК ШЕШЕ саусақтарымен санай бастайды. Одан кейін қайта санайды...)*

ЖАС КЕЛІНШЕК – Мен қорқамын, тәтей.

КІНДІК ШЕШЕ – Түгі де жоқ қорқатын... Уақытының бәрі келіп тұр... Менің есебім бойынша босануға кем дегенде әлі бір ай бар...

ЖАС КЕЛІНШЕК – Құдайым қалап айтқаныңыз келсін...

КІНДІК ШЕШЕ – Егер сен қазір босанатын болсаң, сендердің жақындасуларың әлдеқайда бұрын болған болар еді... *(Қайтадан есептейді)* Ия, бәрі дұрыс... Бірақ, сен білесің ғой өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам екенін. Егер де сен менен ештеңені жасырып тұрмасаң, бұл толғақ емес *(Оның жүзіне күдіктене қарайды)*.

ЖАС КЕЛІНШЕК – *(Оның күмәнданғанын аңғарып қалады)* Бұл шын сөзім, ештеңені де жасырып тұрған жоқпын... Ант ішейін, бар болғанын сол күйінде айтып тұрмын. Біз қайдан бірге бола аламыз? Біздің үйдегілер бір-бірімізді айдаладан көруге де мұрша бермейтін. Бетпе-бет кездескенді былай қойғанда...

КІНДІК ШЕШЕ – Оның үстіне оқ-дәріні оттың жанына қоюға бола ма, қызым?.. Оның үстіне ертеді сол бір керемет оқиға болды емеспе...

ЖАС КЕЛІНШЕК – Сіз ол әйелді де қарап па едіңіз?

КІНДІК ШЕШЕ – Жоқ, қымбаттым... Мен не, сонша кәрі ме едім? Ол деген баяғыда болған оқиға ғой. Ол біздің әжелеріміздің жас кезінде болған. Содан бері, құдайға шүкір, ондай нәрсе болған емес... Құдай басқа бермесін енді ондайды қайталатып...

ЖАС КЕЛІНШЕК – Құдайым қалап, айтқаныңыз келсін...

КІНДІК ШЕШЕ – Қаласың, басылды ма қорыққаның?

ЖАС КЕЛІНШЕК – *(Жүрексініп тұрса да)* Басылды.

КІНДІК ШЕШЕ – Мұның жөн болды... Қорқатын түгі де жоқ, болатын нәрсе онсыз да болады... Ал енді сені қарауым керек... Көзім жетсін... Жата ғой... Тура осы жерге жата бер, соз аяғыңды...

*(ЖАС КЕЛІНШЕК бір жамбастап жатады)*

КІНДІК ШЕШЕ – Жоқ, шалқалап жат...

*(ЖАС КЕЛІНШЕК шалқалап жатады, басы көрермендерге бұрылған)*

ЖАС КЕЛІНШЕК – Осылай ма?

КІНДІК ШЕШЕ – Ия. Енді аяқтарыңды ішіңе қарай көтер... Екі аяғыңды да... Етегіңді көтеріңкіре... Өте жақсы...

*(КІНДІК ШЕШЕ ЖАС КЕЛІНШЕКТИҢ етегін одан да әрі түріңкірейді...)*

КІНДІК ШЕШЕ – Балтырыңды көтеріңкіре... Көтеріңкіре... Көтеріңкіре... *(ЖАС КЕЛІНШЕКТИҢ лыпасын шешіп алады)* Жарайсың... Қорқатын дәнеңе жоқ... *(Еңкейіп, сипалайды, қолымен ішін басып көреді... Содан кейін ЖАС КЕЛІНШЕККЕ тағы бір үңіліп қарайды)* Киіне бер.

*(ЖАС КЕЛІНШЕК киінеді, тұрады да екі қолын алдына айқастырып, телміріп күтіп тұрып қалады...)*

КІНДІК ШЕШЕ – Ауырғанын бірінші рет қай уақытта сездің?

ЖАС КЕЛІНШЕК – *(Өтірік айтып тұрғаны сезіледі)* Сіз келердің алдында...

КІНДІК ШЕШЕ – *(оған ашуланады)* Байқа, мені алдап жүрме! Қашан сездің ауырғанын? Түсінсейші, маған білу керек, мен оны білуге міндеттімін... Ешкімге айтпаймыз, бірақ мен білуім керек! Сен маған жаңа ғана өтірік айтпаған боларсың деп дәмеленем!

ЖАС КЕЛІНШЕК – Жоқ, өтірік айтқан жоқпын...

КІНДІК ШЕШЕ – Сен алғаш рет қашан ауыра бастағанын есіңе түсірші?

ЖАС КЕЛІНШЕК – *(Сенімсіз кейіппен)* Таң ата қоймаған болатын...

КІНДІК ШЕШЕ – Одан кейін ше?

ЖАС КЕЛІНШЕК – Тағы бір рет қысылдым...

КІНДІК ШЕШЕ – Содан кейін?

ЖАС КЕЛІНШЕК – Содан кейін болған жоқ...

КІНДІК ШЕШЕ – Білесің бе, қызым, мен сенің шешенді жақсы білемін... Біз көп жыл көрші тұрдық... Маған сенсең, мен өте-мөте өкініп тұрмын... Бірақ мен Ақсақалдар алқасына айтуға мәжбүрмін. Тәртіп солай... Басқалары жайында да ойлау керек *(Мүлдем сыбырлы)* Оларға тек кейінгі жолғы толғақ қысқанын айт... келістік пе?

ЖАС КЕЛІНШЕК – Ұқтым.

КІНДІК ШЕШЕ – Әйтпесе бір шеті үйдегілерге де тиеді! Ия, сосын тағы бір нәрсені есіңнен шығарма! Жаратушының үмітке келгенде кендігі жетеді! Мүмкін, толғақ та емес шығар бұл.

ЖАС КЕЛІНШЕК – *(Күдер үзін)* Құдай қаласа деңіз! Ал менің әкешем менімен бірге бара ала ма?

КІНДІК ШЕШЕ – Жоқ! Бұл тәртіпке жатпайды...

ЖАС КЕЛІНШЕК – Ең болмаса шешемді шақырсақ ше...

КІНДІК ШЕШЕ – Ондай салт жоқ... Шешімді осы үйде қабылдайды. Мұндай шаруада сезімге ерік беруге ешкім де рұқсат бермейді...

*(КІНДІК ШЕШЕ дыбысын шығармай қалғандарына таяйды)*

ОТАҒАСЫ – Сонымен не болды?

КІНДІК ШЕШЕ – *(ӘЙЕЛГЕ қарап)* Мен қол жуып алсам.

*(ӘЙЕЛ ас үйде ожаумен қайнап тұрған суды алып, оған суық су қосып араластырып, КІНДІК ШЕШЕНІҢ қолына су құяды)*

ӘЙЕЛ – Не болды сонымен, толғақ емес пе екен?

КІНДІК ШЕШЕ – *(Қолын сүртіп жатып)* Мен солай болғанын тілеймін-ау, бірақ тағдырдың жазуы басқаша сияқты... Сендермен кофе ішпей-ақ қояйын. Маған ренжіп жүрмеңдер... Бұл заң ғой... Мен хабарлауға міндеттімін... Не айтамын енді сендерге? Бекем болыңдар! *(І САҚШЫҒА қарап)* Сен осында күт!

*(КІНДІК ШЕШЕ жайлап шығып кетеді...*

*ӘЙЕЛ есікті жабады.*

*Бәрі мұңлы.*

*АҚСАҚАЛ ұйықтап жатыр...*

*ЖАС ЖІГІТ өз бөлмесіне, әйеліне қарай өтеді.*

*ЖАС ЖІГІТ пен ЖАС КЕЛІНШЕК құшақтасады)*

*АҚСАҚАЛ – (Оянады. Жан-жағына қарайды. Баяғы әңгімесін өзі аяқтаған жерінен әрі қарай жалғастырады) Егер сендерді менің пікірім қызықтырса, бәрі басқаша болғанын, менің ағам өз ажалынан өлген жоқ. Оны өлтірді! Аямай көзін жойды! (Кенет І САҚШЫНЫ аңғарып қалады) Сендер өлтірген оны! Сендер! Өз қолдарыңмен қылқындырып өлтірдіңдер!.. Сақшылар – қаныпезерлер!*

*(БӘЙБІШЕ үнсіз қимылмен оның сөйлеуіне бөгет болуға тырысуда)*

**ЖАРЫҚ СӨНЕДІ.**

### III

*(Алаңға толы күйзелісті күту жалғасады.*

*I САҚШЫ маңғаз да тәкаппар кейіпке еніп, АҚСАҚАЛДЫҢ өзінен не керек етіп отырғанын түсінуге тырысып әуре...*

*АҚСАҚАЛ ақыр аяғында сөйлеуін тоқтатады, бірақ ара-тұра I САҚШЫҒА қабағын түйе қарап қояды...*

*ОТАҒАСЫ бөлме ішінде әрлі-берлі адымдап жүр, анда-санда терезеге қарап қояды...)*

ОТАҒАСЫ – Келе жатыр!

ӘЙЕЛ – *(БӘЙБІШЕГЕ қарап)* Жақсы болсын, жаман болсын өз бетіңмен жүре аласың ғой... Сен де түрегелсейші... Қонақтарға молырақ құрмет көрсетейік те.

ОТАҒАСЫ – Жармаса бермесейші шешемізге!

АҚСАҚАЛ – Олар оны қылқындырып өлтірді! Қаныпезерлер! Қаныпезер-сақшылар!

БӘЙБІШЕ – Бұлар ол сақшылар емес. Сен бәрін шатыстырып алдың...

АҚСАҚАЛ – Түк те шатыстырып тұрғам жоқ... Солардың бірі мына сұмпайы болатын! Мен білемін, сондағы сен болатынсың, сен, сен, сатқын! Опасыз сақшы! Қаныпезер сақшы!

I САҚШЫ – *(АҚСАҚАЛҒА қарап)* Әкей-ау, кімді қылқындырыппыз біз? Мен өз басым ешкімді де қылқындырғам жоқ! *(Қалғандарына қарап)* Не сандалып тұр ол!

ОТАҒАСЫ – *(I САҚШЫҒА қарап, жай ғана сыбырлап)* Ол жасы келген кісі ғой, менің әкем. Оған баяғыда, осыдан талай жыл бұрын болған оқиға қазір өтіп жатқандай боп көрінеді... Мән бермей-ақ қой!

АҚСАҚАЛ – *(Шырыға түсіп)* Қанішер сақшы! Қанішер сақшы! Қанішер сақшы!

I САҚШЫ – Қайдан ғана тап болып едім мына пәлеге?!

АҚСАҚАЛ – Қанішер сақшы! Қанішер сақшы!

I САҚШЫ – Қалай ғана шыдап тұруға болады мұндайға?!

ОТАҒАСЫ – *(I САҚШЫҒА қарап «Қазір мен бәрін орнына келтіремін» дегендей сыңай танытады. Әкесіне бұрылады)* Әке, сөзді доғарсаңшы енді! Тоқтат енді! *(Қалғандарына қарап)* Келді аналар.

*(АҚСАҚАЛ өкпелеп үнсіз қалады. Бәрі, оның ішінде БӘЙБІШЕ де бар, есікке қарай ұмтылады. Есікті ОТАҒАСЫ ашады...)*

ОТАҒАСЫ – Өтіңіздер.

ӘЙЕЛ – Қош келіпсіздер.

БӘЙБІШЕ – Төрлетіңіздер.

*(Қауым басқармасының мүшелері мына ретпен кіреді: алдында ТӨРАҒАСЫ, одан соң ҚАУЫМ МҮШЕСІ ӘЙЕЛ, ҚАУЫМ МҮШЕСІ ЕРКЕК, КІНДІК ШЕШЕ, соңдарында 2 САҚШЫ)*

ТӨРАҒА – Сәләмәтсіздер ме?

ҚАЛҒАНДАРЫ – *(дауыстарында аса құрмет сезіледі)*

- Сәләмәтсіздер ме?

- Есен-амасыздар ма?

- Қош келіпсіздер!

- Төрлетіңіздер.

АҚСАҚАЛ – *(2 САҚШЫНЫ нұсқап, басқасы естімейтіндей дауыспен әйеліне)* Міне екіншісі де келді ғой!

*(БӘЙБІШЕ АҚСАҚАЛҒА ыммен ОТАҒАСЫ ашуланып қалады деген белгі береді)*

ӘЙЕЛ – Қайда жайғасқыларыңыз келеді?

ТӨРАҒА – *(Көзімен үй ішін шолып)* Анау тұс, төр жақ дұрыс болады... Біздің дәрежемізге сол жер лайық...

ОТАҒАСЫ – *(Қолымен нұсқап)* Мүмкін, мына тұс ыңғайлы болар?

*(ТӨРАҒА қауым басқармасының басқа мүшелеріне қарайды... Олар бастарын изесіп, таңдалған орын дұрыс екендігін білдіреді)*

ТӨРАҒА – Ыңғайлы...

*(ТӨРАҒА мен қауым мүшелері отырады.*

*1 САҚШЫ мен 2 САҚШЫ есік ауызында тұрады.*

*АҚСАҚАЛ қауым басқармасы мүшелері мен күзетшілердің көзімен шолып, мұқият қарап отыр)*

ТӨРАҒА – Кішкене үстел әкеліңдер!

*(ОТАҒАСЫ мен ӘЙЕЛ кішкене үстелді алып ТӨРАҒАНЫҢ алдына орналастырады)*

ОТАҒАСЫ – Басқа ештеңе керек болмай ма?

ТӨРАҒА – Әңгімеден ауызымыз кеуіп қалуы мүмкін. Су әкеп қоя салыңыздаршы! Сосын бәріне тостаған қойыңдар!

*(Әйел графинмен су және бірнеше ағаш тостаған әкеліп, үстелге қояды)*

ТӨРАҒА – Рахмет, қызым... Келін қайда?



ӘЙЕЛ – Ол келсін бе мұнда?

ТӨРАҒА – Осы бетте келсін! Уақыт алып қайтеміз.

ӘЙЕЛ – (Ұлына қарап) Мен шақырайын.

*(ӘЙЕЛ бөлменің түбіне өтеді. ЖАС КЕЛІНШЕККЕ бері шық дегендей ымдайды)*

ТӨРАҒА – келін келмей ешнәрсе айтуға болмайды! *(БӘЙБІШЕГЕ қарап)* Солай емес пе?

БӘЙБІШЕ – Бәрі жөн!

ТӨРАҒА – Бәрің де отырғандарың дұрыс... Жауап беруге кезек келгенде, түрегеп тұрып жауап бересіңдер... Келістік пе?

ҚАЛҒАНДАРЫ – Келістік.

ТӨРАҒА – *(Қауым басқармасы мүшелеріне арнап)* Қалай, бастаймыз ба?

*(Қауым басқармасы мүшелері келіскен сыңаймен бастарын шұғиды)*

АҚСАҚАЛ – *(Бәйбішесіне қарап)* Сақшыларды соттайтын болды-ау әйтеуір!

*(БӘЙБІШЕ оған үндемей тұра тұр дегендей ишара жасайды. Дыбысын шығармай күйеуіне судьялар келіннің мезгілсіз босануына байланысты жиналып отырғандығын ымдап, ишаралап жеткізуге тырысады)*

АҚСАҚАЛ – Ә-ә! Бәрі біздің келінге байланысты екен ғой! Қанішерлер!

БӘЙБІШЕ – Дымыңды шығарма! *(Өзі үн шығармай күйеуін сөйлеме деп үгіттеуге тырысады...)*

ТӨРАҒА – Мұнда келмес бұрын біз күбідегі судың деңгейін қарадық... Қардың еріген суы күбіні толықтай толтырса, онда қауіп-қатердің кеткені екендігін сендер білесіңдер. Бірақ өкінішке қарай күбідегі су ернеуіне жету үшін әлі де екі елі көтерілуі керек. *(Қолымен көрсетеді)* Бұл дегеніңіз, бүгін, әрі кетсе ертең судың деңгейі қажетті деңгейге көтеріледі де қауіптен құтыламыз... Яғни, қыстың басында ұсақ балалармен кеткендер оралады да өздерімен бірге ұн, қант, тұз, көкөніс, ет, тағы басқа азық-түлік ала келеді. Олар үш ай бойы, алғашқы қар жауғанға дейін бізбен бірге болады... Біз үйлену тойларын жасап, мәре-сәре боламыз, дүниеге сәбилер келе бастайды... Ал алғашқы қар жауысымен жас нәрестелері бар ата-аналар, сосын ретіне қарай қауымның басқа мүшелері де бұл жерден кететін болады... Олар содан келесі жазға дейін мұндағылар осында қыстап шығып, аштан өлмеулері үшін күндіз-түні дамыл таппайжұмыс істейді... Енді міне біздің бәріміз олардың келгендерін тағат таппай күтіп отырғанымызда, бізге кіндік шеше келіп осы күтпеген жағдайды хабарлап отыр.

*(ҚАУЫМ МҮШЕСІ ЕРКЕКТІҢ жәтелден қатты қысылып тұрғандығы көпе-көрінеу аңғарылады... ӘЙЕЛ машықты қимылмен оған*

*жастық ұсына қояды... ҚАУЫМ МҮШЕСІ ЕРКЕК бетін жастыққа бұғып дыбыс шығармай жәтеліп алады... Қайта жәтеліп қалмас үшін тамағын шаяды... Жастықты ӘЙЕЛГЕ ұсынады...)*

ТӨРАҒА – Мен кейінгі елу жылдан бері осындай жағдайға душар болып тұрғанымызға қатты өкінемін. Мен мына мезгілсіз толғақты айтып отырмын. Біздің бәріміз, мен де, қауымның басқа мүшелері де өте-мөте қынжылудамыз... Бірақ, амал қанша... Біз тәртіпке бағынуға міндеттіміз! Өйткені бұл жағдай қауымның басқа мүшелеріне қайғылы аяқталуы мүмкін... Ал енді, уақытты босқа алмай тиісті рәсімге көшейік... *(КІНДІК ШЕШЕГЕ түрегел дегендей ишара жасайды. КІНДІК ШЕШЕ орнынан тұрады)* Сізге мұны қашан хабарлады?

КІНДІК ШЕШЕ – Жаңа ғана...

ТӨРАҒА – Ал, содан соң?

КІНДІК ШЕШЕ – Мен бірден жеттім де бәрін осы орнында көріп шықтым... Содан дереу сіздерге хабарладым. Мен өте өкінемін, бірақ келін босанайын деп жатыр...

ТӨРАҒА – Сіз сенімдімісіз?

КІНДІК ШЕШЕ – Толық сенімдімін.

ТӨРАҒА – Мүмкін оны тағы бір рет қарап шығарсың?

КІНДІК ШЕШЕ – Оның қажеті жоқ... Барлық белгісі дәп соны көрсетіп тұр.

ТӨРАҒА – Жарайды, отыр. Енді сендер *(ЖАС ЖІГІТ пен ЖАС КЕЛІНШЕК орындарынан тұрады)* Толғақ дұрыс жағдайда өтуі үшін, ол берісі бір айдан кейін болуы керек екендігін білесіңдер... Ал сендердің толғақтарың қар көшкінің қауіпі өтпей тұрғанда болып отыр. Осының салдарынан басқа адамдардың өміріне қауіп төндіріп аса керемет қателік жасағандарыңды сендерге, әрине, белгілі.

ЖАС ЖІГІТ – Белгілі...

ЖАС КЕЛІНШЕК – Белгілі... Бірақ мұнда біздің кінәміз жоқ қой?

ТӨРАҒА – Ол не деген сөз?

ЖАС ЖІГІТ – Біз үшін үлкендеріміз есептеген болатын... Мынадай күні рұқсат деп... Біз алғаш рет сол күні бірге болғанбыз... Алғашқы неке түнімізді сонда өткізгенбіз... Ал оған дейін менің әйелімді тек алыстан ғана көрсететін. Біз тіптен қатар тұрып көрген емеспіз...

ОТАҒАСЫ – Құрметті төраға, рұқсат етсеңіз мен де сөйлейін деп едім...

ТӨРАҒА – Сөйлеңіз, бірақ созып алмаңыз...

ОТАҒАСЫ – Менің ұлым шын айтып тұр... Біз екі жас мезгілінен бұрын кездесіп қалмау үшін үнемі кедергі жасап отырдық...

ӘЙЕЛ – Біз олардың бір-біріне жанасып кетуінің өзіне рұқсат еткеніміз жоқ...

ТӨРАҒА – Рұқсатсыз сөйлеуге болмайды. Түсінікті ме?

ӘЙЕЛ – Ұқтым, төраға мырза.

ТӨРАҒА – Барлығы да уақытылы болды дейік... Одан арғы жағы маған түсініксіз, қайда бұрып келе жатқандарыңыз...

ЖАС ЖІГІТ – Бұл ерте басталған толғақ.

КІНДІК ШЕШЕ – *(Қайтадан түрегеледі)* Ия, құрметті төраға. Бұл мезгілінен бұрын басталған толғақ...

ЖАС ЖІГІТ – Яғни біз кінәлі емеспіз...

*(Үнсіздік)*

ТӨРАҒА – Олай болсын, бұлай болсын, енді оның айырмашылығы қанша? Бұл жерде біз ерте, әлде кеш басталған толғақ екендігі жөнінде дауласып отырған жлқпыз. Мәселенің түбіріне қарауымыз керек... Дәл қазір қар көшкіні болу қаупі сейілмей тұрғанда сіздің әйеліңіз осындай жағдайға душар болып тұр... Бізді алаңдатыны осы... Егер де сендер тәртіптің бәрін белге қыстырып, қатынасқа мезгілінен бұрын кіріскендеріңде де, сөз жоқ, бұл жағдай бізді алаңдатары хақ... Мәселенің түпкілікті шешілуіне мұның түк қатысы жоқ. Ендігі рәсім айдан-анық... *(Басқа басқарма мүшелерінен үнсіз келісімін алады)* Бұл жас келіншек кідіріссіз табытқа тұмшаланып, жер қойынына берілетін болады! Сендердің көңілдеріңе медет қылатындарың бір-ақ нәрсе – осындай шешім шығарғанымызға біздің де қоса қиналатындығымыз ғана...

ЖАС ЖІГІТ – Төраға мырза...

ТӨРАҒА – Енді дауласатын ештеңе жоқ... Өйткені бұл жас келіншек кез келген сәтте босануы мүмкін... Бұның аяғы қандай жағдайға душар етуі мүмкін екендігін қайтадан айтуымыз керек пе? Байқаңдар, егер осыған байланысты кіндік шешенің қарсы уәжі бола қалса шешімді сәл кешіктіріп, жағдайды қайта бір талқылауға болар еді... *(БОСАНДЫРАТЫН ӘЙЕЛГЕ қаран)* Бұл жағдайда тек Сіздің ғана қарсылық білдіруге құқыңыз бар... Сонымен, Сіздің бұл шешімге қарсы айтатын ештеңіңіз бар ма?

КІНДІК ШЕШЕ – Жоқ, Төраға мырза.

ТӨРАҒА – Ендеше үкім еш кедергісіз орындалуы керек!

ҚАРТАҢ ЕРКЕК – Олар күзетшілерді соттамай ма екен!

*(ОТАҒАСЫ мен ҚАРТ АНА ҚАРТАҢ ЕРКЕКТІҢ ыммен үнін өшіруге тырысады)*

ЖАС ЖІГІТ – Менің әйелімді еш жазығынсыз жазалап отыр... Қайдағы бір заң бар дейді... Біз осы заңға қарсы ештеңе жасған жоқпыз ғой. Бәрі-бәрі, той да алғашқы түн де уақытылы болды ғой...

ТӨРАҒА – *(Ашулана)* Балам, бұл жайында біз айттық қой... Жалпы, біз мұндай жағдайға бірінші рет кездесіп отырмыз. Білмеймін, сендерге айту керек пе, керегі жоқ па, неге біздің қауым мүшелерінің қай жерде болмасын таптырмайтын жұмыскерлер екендігін? Өйткені олар ешнәрсеге қарсы шықпайды! Осындағы ережелерге сүйенген өмірлері уақытша барған жерлерінде де тұп-тура солай жалғаса береді... Сендердің естеріңе салып қояйын – егер де біздің сөздік қорымыздан «алаң» деген сөздің жойылуының басты себебін іздесең, ол – әу бастан біржола белгіленген және мүлтіксіз

орындалатын заңдарымыздың арқасы! *(Ашулана)* Сен не айтқың келіп тұр өзі? Қазір біз заңдарды талқылауға кірісейік, ал соншама халық қырылу керек!

ЖАС ЖІГІТ – *(Қатты толқып)* Мен адамдар қырылсын деп деп тұрғам жоқ! Тек менің әйелімде өмір сүрсін!

ТӨРАҒА – Жігітім, мен сенің басыңа түскен қасіретті түсінемін... Біз де жас болғанбыз... Біз де сүйгенбіз... Алайда басқа адамдардың өмірі үшін бұл қайғыны көтеруіңе тура келеді.

ЖАС ЖІГІТ – *(Жылаудың шақ алдында)* Әйткенмен тап қазір бірден туа салмайды ғой! Жалынамын сіздерге, шамалы күте тұрайықшы...

ТӨРАҒА – Бұл мүмкін емес... Мен бүкіл халқымыздың өміріне қауіп төндіре алмаймын... Не сенің әйелің, не қалғандарының бәрі... Яғни, біз бәріміз... Мұнда мәміле болуға тиіс емес! Егер де қалғандарының барлығының өмірін сақтау жолы әлі бар болып тұрса, біз неге оны пайдаланбасқа? *(Шешімді түрде)* Шешімді орындау керек, онда да қолма-қол орындау керек... Тәртіпті сақтау керек! Дәл қазір сенің әйелің босана бастады делік, сонда біз не істемекпіз? Сенің әйеліңнің босанып жатқандағы бір жанайқайы жетіп жатыр біздің төбемізге тонналаған қардың сау ете қалуына... Ал жаңа туған нәрестенің шыңғырғанын не істемекпіз? Біздің барлығымыз қар көшкінің астында қалмақпыз ба? *(Кенет одан сайын қатуланып)* егер де сен бізбен тағы тәжікелесе берсең, біз сен туралы да тура сендей шешім қабылдауға мәжбүр боламыз. Өшірсейші енді үніңді!

ЖАС ЖІГІТ – Төраға!

ТӨРАҒА – Мен сені ақырғы рет ескертемін! Есіңде болсын! Сөз деген – күміс, ал үндемеу – алтын! Біз ғасырлар бойы сүйеніп келе жатқанымыз міне осы қағида...

*(Сақшыларға ыммен тиісті рәсімдерді баста деген ишара білдіреді)*

АҚСАҚАЛ – Олар сақшыларды кіналап жатқан жоқ! Жерге оларды емес, бейкүнә жандарды көмбекші!

ТӨРАҒА – Не оттап тұр өзі анау?

АҚСАҚАЛ – Әй, менің ағамды қылқындырғандарды соттасайшы!

ТӨРАҒА – Не айтпақшысың өзі сонда?

АҚСАҚАЛ – Сотта қанішерлерді!.. Батыл болсаң, соттап көр оларды!

Бірақ, сен оларды соттай алмайсың... Әйтпесе олар өзінді де қылқындыра салады...

ТӨРАҒА – *(Сақшыларға қарап)* Өшіріңдер ананың үнін!

*(I сақшы өзімен бірге ала келген үлкен кездемемен АҚСАҚАЛДЫҢ ауызын матап тастамақ болады)*

ТӨРАҒА – Тездетіндерші!

АҚСАҚАЛ – *(Сақшыларға берілмеу үшін жанталасып, бір жағынан ТӨРАҒАҒА ойын айтып қалуға тырысуда)* Мен ағамды жаңа ғана жақсырақ түсіне бастадым... Мен оны қалай түсінетіндігімді білсеңдер ғой!

ТӨРАҒА – *(2 САҚШЫҒА қарап)* Әйелді де дайындаңдар!..

2 САҚШЫ – Құп болады!

*(2 САҚШЫ тиісті әрекеттер жасап ЖАС КЕЛІНШЕКТІҢ ауызын буа бастайды)*

ТӨРАҒА – Жігітім, сен мені таңырқаттың... Алайда сенің қазіргі жаныңа батып тұрған ауыртпалықты ескеріп, мен сені кешіремін...

2 САҚШЫ – Дайын, төраға...

ТӨРАҒА – *(Ыммен ЖАС КЕЛІНШЕКТІҢ көзін де байла деп белгі береді)* Бәрін де рет-ретімен жасасаңшы!

*(2 САҚШЫ ЖАС КЕЛІНШЕКТІҢ көздерін таңады... Зәресі кеткен келін дір-дір етеді)*

ТӨРАҒА – Жарайды... *(Қалғандарына қарап)* Барлықтарың осында қалыңдар! Сендер үкім орындалып біткенге дейін үйде боласыңдар... *(1 САҚШЫҒА қарап)* Сен осында қаласың. *(Қауымның басқарма мүшелеріне қарап)* Тұрыңдар... Орындалысын бақылайық...

*(ТӨРАҒА мен қауым басқармасының мүшелері орындарынан тұрады. 2 САҚШЫ ЖАС КЕЛІНШЕКТІ әкетуге тырысуда, бірақ онысы оңайлыққатүспейді... ЖАС КЕЛІНШЕК барынша тырмысып, көнбейді... Ыңырсып ыцқынуымен кеткі келмейтінін аңғартады.)*

*ТӨРАҒАНЫҢ бұйрығына бағынған 2 ЖАС КЕЛІНШЕКТІ есікке қарай сүйрелейді. Олардың соңынан ТӨРАҒА мен қауым басқармасының мүшелері ереді...*

*Қалғандары үнсіз күдуде, ЖАС ЖІГІТ байқатпай оқшантайды ашып, мылтықтың бірін оқтайды)*

ЖАС ЖІГІТ – *(Мылтығын көтеріп)* Тоқтаңдар!..

*(Бір сәтке бәрі сасқалақтап тұрып қалады)*

ТӨРАҒА – Балам-ау, не істейін деп тұрсың?

ЖАС ЖІГІТ – Мен айттым ғой, тоқтаңдар!

ТӨРАҒА – Бұның не?

ЖАС ЖІГІТ – Маған шүріппені басқызбаңдар!

ТӨРАҒА – Өйтүге бола ма екен?

ҚАУЫМ МҮШЕСІ ӘЙЕЛ – Сен шүріппені бассаң, мылтық атылады ғой!

ҚАУЫМ МҮШЕСІ ЕРКЕК – Егер мылтық атылса... Құдайым-ау, құрыдық қой!

ТӨРАҒА – Онда... Онда біз бәріміз қырыламыз ғой...

ЖАС ЖІГІТ – Ия... Қырыламыз! Не менің әйелім тірі қалады, не бәріміз мерт боламыз!

*(Үнсіздік)*

ОТАҒАСЫ – Түсір мылтығыңды...

ӘЙЕЛ – Сен немене, бізді де өлсін деп тұрмысың?

ОТАҒАСЫ – Біздің бәріміз опат боламыз ғой!

ЖАС ЖІГІТ – Әке, араласпаңыз.

ОТАҒАСЫ – Араласпағаны несі?.. Жи есінді...

ЖАС ЖІГІТ – Сонда қалай, менің әйелім өлуі керек пе? Мен әйелім мен балам аман қалу үшін бәрін жасауым керек!

ОТАҒАСЫ – Қолыңнан не келеді сенің?

БӘЙБІШЕ – Біз бәріміз де қырыламыз ғой!

ӘЙЕЛ – Сен әлі жассың ғой... Маңайда әйел аз ба? Бәрі өзіңе байланысты... Басқа әйелден де балаң туады...

БӘЙБІШЕ – Сен әкеңнің жанын алған атанасың ғой!

ҚАРТАҢ ЕРКЕК – Мен немереме ризамын!

ЖАС ЖІГІТ – Сіздер мені түсінбей тұрсыздар..! *(ТӨРАҒАҒА қарап)* Ешқайсың қозғалмаңдар! Өз орындарыңа барыңдар... Мен айттым ғой, өтіңдер, өз орындарыңа өтіңдер!

*(ТӨРАҒА мен қауым басқармасының мүшелері өз орындарына өтеді. 2 КҮЗЕТШІ келінді өзінің бұрынғы тұрған орнына апарады. ЖАС ЖІГІТ ымдап оның көзі, ауызы мен қолын босат деп бұйырады. 2 САҚШЫ бұйрыққа бағынады... Үнсіздік)*

ТӨРАҒА – Менің тамағым құрғап кетті... Су ішуге бола ма?

ЖАС ЖІГІТ – Ішіңіз!

*(ТӨРАҒА су ішеді... Қауым басқармасының мүшелері де су ішеді...)*

ТӨРАҒА – Ал, енді не болады?

ҚАУЫМ МҮШЕСІ ӘЙЕЛ – Не күтіп тұрмыз?

ЖАС ЖІГІТ – *(1 САҚШЫҒА қарап)* Сен! Сен де әке емеспісің... Бардағы қара, күбідегі судың қазір қанша болғанын! Тек тезірет!

*(ОТАҒАСЫ 1 САҚШЫ сыртқа шығады)*

АҚСАҚАЛ – Сақшыларды соттайық одан да!

*(Бәрі де күтіп, сілейіп қалған... Әсіресе ТӨРАҒА мен қауым басқармасының мүшелері үрей араласқан дел-дал күй кешуде. Бәрін үрейлі күту жайлаған...)*

*ОТАҒАСЫ мен І КҮЗЕТШІ қайтып оралады)*

ОТАҒАСЫ – Бір елі қалыпты!

І САҚШЫ – Ия, бір елі бар...

ЖАС ЖІГІТ – Толғақ та болған жоқ қой... Мүмкін, кіндік шеше қателескен болар! Бұл толғақ емес шығар... Ал сендердің шыдамсыздықтарыңнан менің әйелім опат бола жаздады... Өздерің қараңдаршы... Менің әйелімнің толғатқанын көріп тұрсыңдар ма?

ТӨРАҒА – Сен не айтып тұрсың балам? Сенің ойыңша кіндік шеше өтірік айтып тұр ма? Ал біз не болдық сонда? Сенің шешең, әкең ше... Бәрі қырылады ғой! Сен олардың бәрін аямайсың ба?

*(Кенет ЖАС КЕЛІНШЕК ауырсынып қиналғаннан бүктетіле бастайды...)*

ТӨРАҒА – Аһ, құдай-ай!

КІНДІК ШЕШЕ – Бұл әйел кешікпей босанады!

ЖАС ЖІГІТ – *(І САҚШЫҒА қарап)* Байла оның ауызын!

*(І САҚШЫ келіннің ауызын тұмшалайды )*

ЖАС ЖІГІТ – Апар оны бөлмесіне...

*(І САҚШЫ ЖАС КЕЛІНШЕКТІ бөлмесіне апарады, болып жатқан оқиғаға дән риза АҚСАҚАЛ дыбыс шығармай қол шапалақтайды)*

ЖАС ЖІГІТ – *(КІНДІК ШЕШЕГЕ қарап)* Өт былай... Шеше, сен де көмектес...

КІНДІК ШЕШЕ – Үлкен кеспекпен ыстық су әкеліңдер! Жылдам!

ЖАС ЖІГІТ – Тездетші, шешетай!..

ТӨРАҒА – Ал нәрестенің шыңғырғанда не істейміз?!

ҚАУЫМ МҮШЕСІ ӘЙЕЛ – *(Зәре-құты қалмай)* Екеуінің айқайы ше?!

ТӨРАҒА – Құрыдық бәріміз!

ҚАУЫМ МҮШЕСІ ӘЙЕЛ – Құримыз!

ҚАУЫМ МҮШЕСІ ЕРКЕК – Құримыз!

АҚСАҚАЛ – Мен болсам бұл жерге көз жұмуға келгенмін... Маған бәрібір... Мен ағамды жаңа ғана түсіндім... Өлер алдымда мен де айқайлап қалғым келеді... Мен айқай салғым келіп тұр! Дәп қазір!

БӘЙБІШЕ – Ойыңа да келмесін! Өйтуші болма!

ОТАҒАСЫ – Әке, мен сенің ұлыңмын ғой!

ӘЙЕЛ – Құрыған жеріміз осы шығар!

ОТАҒАСЫ – Сенің арқаңда мен де құритын болдым! (*Әкесінің ауызын қолымен басады*)

ӘЙЕЛ – (*Ұлына қарап*) Мен сені асырап-сақтап едім... Күндердің күнінде сенің қолыңнан ажал табам деп пе едім? Сені адам қылған аналық ақ сүтімді ақтасаңшы!

ЖАС ЖІГІТ – Өшіріңдер үндерінді!

*(КІНДІК ШЕШЕ 1 САҚШЫҒА шығып кет деп ымдайды. 1 САҚШЫ қалғандарының қатарына қосылады.*

*2 САҚШЫ байқатпай ЖАС ЖІГІТТІҢ жанына жақындайды.*

*Аңдып барып ЖАС ЖІГІТТІҢ қолынан шап бергісі келгенін сезіп қалған ЖАС ЖІГІТ мылтықтың ұңғысын 2 САҚШЫНЫҢ бетіне кезейді...)*

ЖАС ЖІГІТ – Байқа, басыңа бәле тілеме! Қайталап көр осыңды!..

АҚСАҚАЛ – Мен немеремді мақтан тұтам – нағыз арыстан!

ТӨРАҒА – (*2 САҚШЫҒА қарап*) Есуас!

ЖАС ЖІГІТ – Ұқтың ба?

2 САҚШЫ – Ұқтым.

*(Келін басы көрермендерге қарап жатыр. Үн-түнсіз толғақ басталады... КІНДІК ШЕШЕ ымменен ӘЙЕЛГЕ не істеу керек екенін түсіндіріп жатыр...)*

ҚАУЫМ МҮШЕСІ ӘЙЕЛ – (*Үрейленіп*) Бірақ та... Нәрестенің ауызын жабу керек қой... Ол шыңғыруын қоймайды ғой...

ТӨРАҒА – Баланың ауызын күбідегі су толғанша жауып ұстай тұру керек...

*(Келіннің ыңырсуы үдей түседі... Басыңқы күңіреніп ыңырсыған дыбыс сахнаның түбінен де естіледі.*

*Кенет Келіннің ыңырсығаны басыла қалады. КІНДІК ШЕШЕ нәрестені көтеріп, ауызын жаба қояды...*

*Нәресте КІНДІК ШЕШЕНІҢ қолынан жыли етіп су толған кеспектің ішіне түсіп кетеді... Ойда жоқта нәрестенің адам сенгісіз шек-сілесі қатқан күлкісі естіледі... Құлақ тұндырыр күлкі...*

*Күлкі толқынша қайталанады, сол кезде КІНДІК ШЕШЕ нәрестені қарманып жүріп ұстап алады...*

*Тым-тырыс үнсіздік...*

*Жаңғырыққан күлкі естіледі...*

*Қайтадан тыныштық орнайды...*

*Бәрі үрейленіп қар көшкінін күтеді... Кейбіреуі дұға жасап жалбарына бастайды...*

*Қар көшкінін аңғартатын ештеңе естілмейді...)*

ТӨРАҒА – Қар көшкіні болмады!



ҚАУЫМ МҮШЕСІ ӘЙЕЛ – Мүмкін енді болмайтын шығар.  
ҚАУЫМ МҮШЕСІ ЕРКЕК – Құдай ауызыңа салсын!  
ЖАС ЖІГІТ – Өшіріңдер үндеріңді!

*(Шамалы уақытқа тыныштық орнайды)*

*АҚСАҚАЛ – (Бәйбішесі бөгет болғанына қарамастан ЖАС ЖІГІТТІҢ қолынан мылтықты жұлып алып, есікті ашады. Бар дауысымен айқай салады) Ehe-he-h-e-e-e-ей! Айха-а-а-ай дүни-е-е-е-е!*

*(Шамалы уақыттан кейін оның дауысы жаңғырығып қайта естіледі. АҚСАҚАЛ мылтықты дүрс еткізіп атады)*

*(Есеңгіреп сарсыла күту шаттыққа алмасады... Сырттағы сартылдап атылған мылтық дүмпулері дабылдар мен зурнаның \*\* үндеріне алмасады...)*

## СОҢЫ

*2001 жылғы 4 тамыз, Сарыгерме – Ортаджа*

---

\*\* Зурна – музыкалық үрлеме аспап